2025 жылғы қызмет қорытындысы бойынша «АлЭС» АҚ-ның Жалғыз акционері Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдады (2026 жылғы 25 мамырдағы №16 хаттама).

Есепті жылдың қорытындысы бойынша алынған таза пайда Қоғамның иелігінде қалдырылды және ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға, сондай-ақ қарыз қаражатын өтеу бойынша міндеттемелерді орындауға бағытталды.

Дивидендтерді төлеу туралы шешімнің болмауына байланысты 2025 жыл үшін жай акциялар бойынша дивидендтер есептелмеді және төленбеді. Дивидендтер төлеу үшін акционерлер тізілімін тіркеу күні және дивидендтер төлеуді бастау күні белгіленбеді.

МЕМЛЕКЕТ ПАЙДАСЫНА ТӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП 2025 ЖЫЛҒЫ 01 ҚАҢТАР – 31 ЖЕЛТОҚСАН АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗЕҢ ҮШІН

Есеп 2025 жылғы Қазақстан бюджетіне (ақшалай) төленген салықтар мен төлемдер сомаларына негізделіп, млн. теңгеде, келесі төлемдер бойынша бөліністе құрастырылды:

Корпоративтік табыс салығы (КТС)

Корпоративтік табыс салығы, соның ішінде төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (ПҚӨС) – жер асты суларын өндіру кезіндегі міндетті төлем.

Басқа салықтар – соның ішінде мүлік салығы, көлік құралдары салығы, жер салығы, әлеуметтік салық, қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы, жер учаскелерін, су ресурстарын, радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы, қол қою бонусы, қосылған құн салығын қоспағанда.

2025 жылғы мемлекет пайдасына төлемдер бойынша есеп (млн теңгемен)

	Төлем түрі			
Үкімет	**КТС**	**ПҚӨС**	**Өзге**	**Барлығы:**
Қазақстан	5 046	75	3 370	8 491

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«АлЭС» АҚ инвестициялық қызметі өндірістік қуаттарды жаңғыртуға және дамытуға, энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыруға, экологиялық көрсеткіштерді жақсартуға және энергетикалық инфрақұрылымның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

2025 жылы Компания энергия көздерін қайта жаңартумен және жаңғыртумен, инженерлік және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытумен, сондай-ақ өндірістік активтерді жұмысқа қабілетті жағдайда ұстап тұрумен байланысты инвестициялық жобаларды іске асыруды жалғастырды.

2025 жылы инвестициялардың жалпы көлемі ҚҚС-сыз **277,4 млрд теңгені құрады,** оның ішінде:

- инвестициялық жобаларды іске асыруға – **254,3 млрд** теңге;
- өндірістік активтерді ұстап тұруға – **20,0 млрд** теңге;
- әкімшілік активтерді ұстап тұруға – **3,1 млрд** теңге.

Есепті жылда өндірістік инфрақұрылымды дамыту және жаңғырту бойынша бірқатар жоба аяқталды, олардың ішінде автоматтандырылған мониторинг жүйелерін енгізу, энергетикалық жабдықты қайта жаңарту, инженерлік желілерді және өндірістік объектілердің сандық инфрақұрылымын дамыту бар.

Негізгі инвестициялық жобалар

Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту

Жоба Компанияның ең ірі инвестициялық жобаларының бірі болып табылады және жұмыс істеп тұрған көмір қуаттарының орнына заманауи газ станциясын салуға бағытталған. 2025 жылы құрылыс-монтаждау жұмыстары жалғастырылды, негізгі жабдықты жеткізу және монтаждау орындалды, объектіні газбен жабдықтау қамтамасыз етілді, қажетті келісулер мен сараптама қорытындылары алынды, сондай-ақ жобаны одан әрі іске асыру үшін қаржыландыру тартылды.

Алматы 3-ЖЭО-ны қайта жаңарту

Жоба станцияны газ отынына көшіруді және жаңа генерациялайтын қуаттарды салуды көздейді. Есепті жылы жобалық құжаттаманы әзірлеу, сараптамалардан өту және объектіні іске асырудың кейінгі кезеңдеріне дайындау жұмыстары жалғастырылды.

2-ЖЭО-ның біріктірілген күл-қоқыс шығару жүйесін қайта жаңарту

2025 жылы жабдықты пайдалану сенімділігін арттыруға және қоршаған ортаға әсерін азайтуға бағытталған күл-қоқыс шығару жүйесін қайта жаңарту жұмыстары аяқталды.

2-ЖЭО-да эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін орнату

Есепті жылы экологиялық көрсеткіштерді үздіксіз бақылауды және өндірістік экологиялық мониторингтің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу жұмыстары аяқталды.

Өндірістік және сандық инфрақұрылымды дамыту

Жыл ішінде Компания өндірістік объектілерді, электр техникалық жабдықты және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асырды. Жобалау жұмыстары орындалды, қажетті сараптамалық қорытындылар алынды және жабдықтың сенімділігін арттыруға, инфрақұрылымды дамытуға және өндірістік процестерді цифрландыруға бағытталған жекелеген жобаларды іске асыру басталды. Бірқатар жобаны іске асыру 2026 жылы жалғастырылады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

«АлЭС» АҚ тұрақты даму және бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарын корпоративтік басқару жүйесіне, өндірістік қызметке және шешімдер қабылдау процестеріне кіріктіреді. Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, персоналды басқару, сатып алу қызметі, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау сұрақтары Қоғамның тұрақты дамуының ажырамас бөлігі ретінде қаралады.

Қоғам қызметтің ашықтығын, заңнама талаптарының, іскерлік этика және корпоративтік басқару қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылады. ESG-тәсілдері инвестициялық жобаларды іске асыру, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау, өндірістік активтерді басқару және адами капиталды дамыту кезінде ескеріледі.

«АлЭС» АҚ Директорлар кеңесі тұрақты даму саласындағы жалпы басшылықты және бақылауды жүзеге асырады, ESG-күн тәртібінің, тәуекелдерді басқарудың, еңбекті қорғаудың және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің түйінді сұрақтарын қарайды, сондай-ақ Қоғамның стратегиялық мақсаттарына және қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуін бақылайды.

«АлЭС» АҚ Басқармасы тұрақты даму қағидаттарының іс жүзінде іске асырылуын, бекітілген бағдарламалар мен іс-шаралардың орындалуын, нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуді, сондай-ақ қызмет нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізуді және қол жеткізілген прогресс туралы Директорлар кеңесін хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Тұрақты даму қағидаттары Қоғамның корпоративтік басқару жүйесіне және бизнес-процестеріне стратегиялық және операциялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, өндірістік қауіпсіздік, экологиялық менеджмент және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тетіктері арқылы кіріктірілген.

2025 жылы тұрақты даму, еңбекті қорғау, экологиялық тиімділік, корпоративтік этика және тәуекелдерді басқару сұрақтары Қоғамның басшы қызметкерлерінің қызметінің негізгі көрсеткіштері жүйесіне енгізілді.

«АЛЭС» АҚ басшыларының 2025 жылға арналған ынталандырушы НҚК-сындағы ESG көрсеткіштері

Компонент	Көрсеткіш	Салмақ	Сипаттама
Е (Экология)	Электр энергиясын өндіруге шартты отынның үлестік шығыны	15%	Электр энергиясын өндірудің отын тиімділігін арттыру.
	Өндірістік активтерді жөндеу және жарамды күйде ұстау жөніндегі іс-шараларды орындау	20%	Жабдықтың сенімді және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету.
	Электр энергиясының өзіндік мұқтажға шығыны	10%	Өндірістік процестердің энергия тиімділігін арттыру.

Компонент	Көрсеткіш	Сал-мақ	Сипаттама
	Техникалық дайындық коэффициентінің деңгейін қамтамасыз ету	10%	Жабдықтың сенімділігі мен пайдалануға дайындығын қамтамасыз ету.
	Өндірілетін электр энергиясының экологиялылық көрсеткіші (1 кВтсағ-қа шаққандағы СБ, SOx, NOx және қатты бөлшектер шығарындыларының көлемі)	10%	Қоршаған ортаға әсерді төмендету.
	Электр қуаты нарығында К3 және К8 коэффициенттері мәндерінің төмендеуіне жол бермеу	15%	Генерациялайтын қуаттардың тұрақты және тиімді жұмысын қамтамасыз ету.
S (Әлеуметтік жауапкершілік)	LTIFR және мінез-құлықтық байқаулар жүргізу	25%	Өндірістік жарақаттануды төмендету және қауіпсіздік мәдениетін дамыту.
	Нөлдік жарақаттануға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау	20%	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыру.
	Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы ішкі елдік құндылық үлесін ұлғайту	10%	Отандық өндірушілерді қолдау және жергілікті қамтуды дамыту.
G (Корпоративтік басқару)	«АлЭС» АҚ-ның ірі және басым инвестициялық жобаларын іске асыру	20%	Компанияның стратегиялық инвестициялық жобаларын орындау
	Орнықты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасын орындау	15%	ESG жүйесін және корпоративтік басқаруды дамыту.
	Тұрақты даму саласындағы бастамалар жоспарын іске асыру	20%	Компанияның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу.
	Өткізілген сатып алулар бойынша уәкілетті орган растаған бұзушылықтардың болмауы	40%	Сатып алу рәсімдерінің ашықтығын және сақталуын қамтамасыз ету.
	Оффтейк-шарттар жасасу	20%	Отандық тауар өндірушілерді қолдау және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамыту.
	Отандық өндіріс тауарларын сатып алу үлесіне қол жеткізу	10%	Сатып алулардағы жергілікті қамтуды арттыру.
	Жылдық сатып алу жоспарына енгізілетін түзетулер санын азайту	15%	Сатып алу қызметін жоспарлау сапасын арттыру

Компонент	Көрсеткіш	Сал-мақ	Сипаттама
	Жедел маркетинг жүргізбей сатып алуға жол бермеу	15%	Адал бәсекелестік және са-тып алудың ашықтығы қағи-даттарын сақтау.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАҒИДАТТАР:



Қоғам тұрақты дамудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік компоненттері арқылы ішкі және сыртқы ортаға талдау жүргізді. Оның негізінде, мүдделі тараптардың тізбесін және олардың ықпал ету дәрежесін айқындау мақсатында 2018 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі Стейкхолдерлер картасын (Мүдделі тараптар картасын) әзірлеп, бекітті.

ESG-МАҚСАТТАРЫ МЕН БАСТАМАЛАРЫН ОРЫНДАУ

2025 жылы «АлЭС» АҚ экономикалық тиімділікті және экологиялық нәтижелілікті арттыруға, адами капиталды дамытуға, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және корпоративтік этиканы нығайтуға бағытталған тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыруды жалғастырды.

Есепті жылдың қорытындысы бойынша жоспарланған ESG-көрсеткіштерінің басым бөлігі орындалды немесе артығымен орындалды. Мына салалардағы мақсаттар орындалды:

- жауапты сатып алулар;
- энергия тиімділігі және энергия үнемдеу;
- су ресурстарын қайта пайдалану және қалдықтармен жұмыс істеу;
- кадр резервін дамыту және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іскерлік этиканы сақтау;
- еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік;
- әлеуметтік тұрақтылықты және персоналдың тартылуын арттыру;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау.

Есепті жылда қамтамасыз етілді:

- жауапты сатып алулар бойынша жоспардың 100% орындалуы;
- энергия үнемдеу жөніндегі іс-шаралардан алынған экономикалық тиімділіктің жоспарлы көрсеткіштерден асуы;
- қайта пайдаланылатын су үлесінің 24,5%-ға дейін ұлғаюы;
- сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайларының болмауы;
- өліммен аяқталатын өндірістік жарақаттанудың болмауы;
- персоналдың әлеуметтік тұрақтылығын арттыру іс-шараларының орындалуы.

Сонымен бірге жекелеген көрсеткіштер, оның ішінде EBITDA, инвестициялық жобаларды іске асыру және персоналдың жалпы санындағы әйелдердің үлесі бойынша белгіленген нысаналы мәндерге жеткен жоқ. Осы бағыттар бойынша түзетуші іс-шаралар әзірленіп, іске асырылуда.

Жалпы алғанда, 2025 жылғы ESG-бастамаларының орындалу деңгейі орнықты даму қағидаттарының Қоғам қызметіне бірізді енгізілуін растайды.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

«АлЭС» АҚ қызметін корпоративтік басқарудың мөлдірлік, жауапкершілік және тиімділік қағидаттары негізінде жүзеге асырады. Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру Қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етуге, Акционердің мүдделерін қорғауға және барлық мүдделі тараптардың мүдделерін есепке алуға бағытталған.

Корпоративтік басқару жүйесі уақтылы және негізделген шешімдер қабылдауды, Қоғамның қызметін тиімді бақылауды, өкілеттіктерді бөлуді және тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз етеді.

Басқару органдарының, лауазымды адамдардың және қызметкерлердің өкілеттіктері мен жауапкершілігі Қоғамның Жарғысымен және ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалған. Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады, ал Басқарма стратегияның іске асырылуын және ағымдағы қызметтің тиімді басқарылуын қамтамасыз етеді.

«АлЭС» АҚ корпоративтік басқару жүйесі мыналарға бағытталған:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;
- басқару органдары арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуға;
- қызметтің тиімділігін және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға;
- бизнес-процестердің ашықтығын, есептілігін және бақылануын қамтамасыз етуге;
- тәуекелдерді уақтылы анықтауға және басқаруға.


Ұйымдық құрылым
«Алматы электр станциялары» АҚ
БЕКІТІЛДІ
«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының
2025 жылғы 24 маусымдағы шешімімен
№17 хаттаманың 4-қосымшасы
2025 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілген
Жалғыз акционер
Корпоративтік хатшы
Директорлар кеңесі
Комплаенс-офицер
Басқарма
Басқарма төрағасы
Басқарма төрағасының орынбасары - Бас инженер
Жалпы мәселелер жөніндегі басқарушы директор
Қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директор
Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор
Даму және құрылыс жөніндегі басқарушы директор
Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор
Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор
Ұйымдастырушылық қамтамасыз ету басқармасы
Адам ресурстарын басқару басқармасы
Кадрлар бөлімі
Еңбек және еңбекақы бөлімі
Персоналды даярлау бөлімі
Әкімшілік-шаруашылық
Баға маркетингі басқармасы
Баға маркетингі бөлімі
Сметалық бөлім
Қауіпсіздік басқармасы
Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметі
Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті
Заң басқармасы
Шарттық-құқықтық жұмыс бөлімі
Талап-арыз жұмысы бөлімі
Корпоративтік даму және тәуекелдерді басқару басқармасы
Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау бас
Қоршаған ортаны қорғау департаменті
Техникалық бөлім
Диспетчерлік бақылау
Диспетчерлік қызмет
Жедел бақылау қызметі
Есепке алуды автоматтандыру,
AMR/AMI
Байланыс қызметі
Пайдалану және жөндеу департаменті
Пайдалану басқармасы
Пайдалан қызметіу
РЗА қызметі
жөндеу басқармасы
Жөндеуді жоспарлау қызметі
Жөндеу бойынша қолдау қызметі
Мердігерлік жұмыстарды басқару басқармасы
Салынып жатқан кәсіпорындар
Жобалық кеңсе
Өндірісті басқару
Жабдықтар мен материалдарды сатып алу басқармасы
Техникалық құжаттама басқармасы
Аналитика және бақылау басқармасы
Стратегиялық даму басқармасы
Инвестициялық бюджет және талдау басқармасы
ЖЭО-2 жобасын басқару
ЖЭО-3 жобасын басқару
Материалдық-техникалық жабдықтау, жұмыстар және қызметтер
Материалдық-техникалық жабдықтау басқармасы
Жұмыстар мен қызметтерді
Жоспарлау және отандық құндылық қызметі
Қойма инвентаризациясы
Сатып алу басқармасы
Жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қызметі
Тауарларды сатып алу қызметі
Бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасы
Қазынашылық басқармасы
Экономика басқармасы
Бюджет және экономикалық талдау бөлімі
Тарифтер бөлімі
Әдістеме бөлімі
Б. Оразбаев атындағы ЖЭО -1
А. Жақұтов атындағы ЖЭО -2а
ЖЭО -3
Ш. Шөкин атындағы Қапшағай ГЭС
ГЭС каскады
Батыс жылу кешені (БЖК)
«Энергожөндеу» ӨЖК
Отынды қабылдау және түсіру орталығы (ОҚТО)
Штатная численность: 3 232 единиц, в том числе:
АУП - 150 единиц
ПП - 3 082 единиц

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫН САҚТАУ

«АлЭС» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және «Самрук-Энерго» АҚ-ның 2025 жылғы 6 тамызда бекітілген (№21 хаттама) Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес қызметін жүзеге асырады.

2025 жылы Қоғамда «Самрук-Энерго» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуына бағалау жүргізілді.

Бағалау нәтижелері бойынша Кодекстің 112 ережесі қаралды, оның ішінде:

- сақталады – 91 ереже;
- ішінара сақталады – 20 ереже;
- сақталмайды – 1 ереже.

Кодекстің жекелеген ережелерінің ішінара сақталуы Қоғамның корпоративтік басқару жүйесінің ерекшеліктерімен, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі мен Басқарма арасында өкілеттіктердің бөлінуімен шартталған.

Кодекстің жекелеген ережелері Қоғам акцияларының қор биржасында листингінің болмауына байланысты, сондай-ақ ұйымдастырушылық құрылымы мен қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесі ескеріліп, толық көлемде қолданылмайды. Атап айтқанда, Кодексте Директорлар кеңесі мен оның комитеттері үшін көзделген бірқатар функциялар Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған.

Кодекстің бір ережесінің сақталмауы Қоғамның ішкі құжаттарымен және Жалғыз акционердің құзыретімен айқындалатын, алқалы атқарушы органның құрамына кандидаттар жөніндегі ұсыныстар енгізудің қолданыстағы тәртібімен байланысты.

Қоғам корпоративтік басқару практикаларын жүйелі түрде жетілдіреді және Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын одан әрі енгізуге, қызмет ашықтығын және басқару органдары жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асырады.

КОРПОРАТИВТІК МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«АлЭС» АҚ өндірістік процестердің жоғары сапасын, экологиялық жауапкершілікті, еңбек қауіпсіздігін, энергетикалық тиімділікті қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға бағытталған корпоративтік менеджмент жүйесін қолдайды және үнемі жетілдіреді.

Қоғамның корпоративтік менеджмент жүйесі халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес сертификатталған:

Стандарт	Бағыт
ISO 9001:2015	Сапа менеджменті жүйесі
ISO 14001:2015	Экологиялық менеджмент жүйесі
ISO 45001:2018	Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау менеджменті жүйесі
ISO 50001:2018	Энергетикалық менеджмент жүйесі
ISO 37001:2016	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі

Корпоративтік менеджмент жүйесінің қолдану саласы: электр және жылу энергиясын өндіру.

2025 жылы «АлЭС» АҚ ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 және ISO 37001:2016 халықаралық стандарттарының талаптарына корпоративтік менеджмент жүйесінің сәйкестігіне сыртқы аудиттен сәтті өтті.

Аудит нәтижелері бойынша сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Аудит корпоративтік менеджмент жүйесінің жұмыс істеуінің нәтижелілігін, персоналдың тартылуының жоғары деңгейін, өндірістік процестердің тиімділігін, сондай-ақ сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау, энергетикалық менеджмент және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл салаларындағы талаптардың сақталуын растады.

Үздіксіз жетілдіру қағидаты шеңберінде Қоғам корпоративтік менеджмент жүйесін одан әрі дамыту және тиімділігін арттыру бойынша жұмысты жалғастыруда.

Аудит қорытындысы бойынша «АлЭС» АҚ корпоративтік менеджмент жүйесінің ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 және ISO 37001:2016 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес келетіні және жұмыс жағдайында ұсталатыны расталды.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

«АлЭС» АҚ корпоративтік басқару жүйесі келесі қағидаттарға негізделген:

- Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді қызметі;
- орнықты даму және ESG қағидаттарын Қоғамның қызметіне интеграциялау;
- тәуекелдерді тиімді басқару және ішкі бақылау жүйесі;
- шешімдер қабылдаудың және ақпаратты жария етудің ашықтығы;
- іскерлік әдеп нормаларын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қоғамның басқару органы болып табылып, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен Жалғыз Акционер мен атқарушы органның айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамның Жарғысымен, «Самрук-Энерго» АҚ корпоративтік басқару кодексімен, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесімен және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен қабылданады.

Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырғаны үшін Жалғыз акционердің алдында жауапты болады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына 7 (жеті) мүше кірді, олардың 3-і (үші) Тәуелсіз директорлар болып табылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционердің шешімімен сайланады. Директорлар кеңесінің құрамында әйелдер болған жоқ.

ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚҰРАМЫ



ГАЛЫМБЕК ТЕМКЕШОВИЧ АУТАЛИПОВ

Директорлар кеңесінің төрағасы

Туған күні: 1977 жылғы 20 қазан

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 27.11.2025 жылғы («Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің №20/25 хаттамасы).

Білімі:

«Екібастұз инженерлік-техникалық институты», Екібастұз қ., бітірген жылы 1999 ж.
Мамандығы: «Жылу электр станциялары»
Павлодар университеті, магистратура, бітірген жылы 2005 ж.
Мамандығы: «Менеджмент».
Соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесі:
2025 жылғы қарашадан бастап – «Самұрық-Энерго» АҚ-ның өндіріс жөніндегі басқарушы директоры
2023-2025 жж. – «Самрук-Энерго» АҚ-ның «Генерация и Топливо» Департаментінің директоры
2022-2023 жж. – «АлЭС» АҚ-ның Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директоры
2019-2022 жж. – «СЭГРЭС-2» АҚ-ның Өндіріс және қызмет көрсету жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары

Сондай-ақ «АЖК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Экибастузская ГРЭС-1» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі, «Станция Экибастузская ГРЭС-2» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Үлестес компаниялардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі – жоқ.



АНСАР АЙДАРОВИЧ АЙДАРОВ

Директорлар кеңесінің мүшесі, акционердің өкілі

Туған күні: 1986 жылғы 24 сәуір

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 28.08.2023 ж. («Самрук-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің №11/23 хаттамасы).

Білімі:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, бітірген жылы – 2008 ж.

Мамандығы – «Халықаралық қатынастар»; Д. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, бітірген жылы – 2012 ж.
Мамандығы – «Құқықтану»;

Гуманитарлық-техникалық академия, бітірген жылы – 2013 ж.
Мамандығы – «Экономика және Бизнес».

Соңғы 5 жылдағы еңбек өтілі:

2013 – 2019 жж. «Энергия Семиречья» ЖШС-де Басқарушы директор.

2020 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін «Самрук-Энерго» АҚ-да Жобалық кеңсе басшысы қызметін атқарады;

Сондай-ақ «Экибастузская ГРЭС-1» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі болып табылады.

Үлестес компаниялардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі – жоқ.



ЕРИК КАНЫШБЕКОВИЧ МАШИРОВ

Директорлар кеңесінің мүшесі, акционердің өкілі

Туған күні: 1988 жылғы 10 наурыз

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 28.07.2023 ж. («Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің №10/23 хаттамасы)

Білімі:

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, бітірген жылы – 2010 ж. (бакалавр) Мамандығы: Қаржы.

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, бітірген жылы – 2011 ж. (Экономика және бизнес магистрі) Мамандығы: Қаржы.

«Көкше» академиясы, бітірген жылы – 2013 ж. Мамандығы: Құқықтану

Соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

03.2018 жылдан 03.2019 жылға дейін – «Демеу бизнес групп» ЖШС басқарушы директоры.

04.2019 жылдан 12.2020 жылға дейін – «Мойнакская ГЭС» АҚ Басқарма төрағасының қамтамасыз ету және коммерция жөніндегі кеңесшісі;

04.2021 жылдан 06.2022 жылға дейін – «Самрук-Энерго» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі;

12.2021 жылдан 06.2023 жылға дейін – «Insight consult» ЖШС үйлестірушісі;

2023 жылғы 03 шілдеден – қазіргі уақытқа дейін – «АлЭС» АҚ Басқарма Төрағасы;

Үлестес компаниялардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі – жоқ.



АЛМАСБИ НИЗАМАДДИНОВИЧ КАМАЛОВ

Директорлар кеңесінің мүшесі, акционердің өкілі

Туған күні: 1989 жылғы 07 сәуір

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 15.03.2024 ж. («Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің №03/24 хаттамасы).

Білімі – жоғары:

Алматы қаласындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты, бітірген жылы – 2010 ж. Мамандығы – «Менеджмент/маркетинг, іскерлік әкімшілендіру және бухгалтерлік есеп бакалавры».

Алматы қаласындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты, бітірген жылы – 2010 ж. Мамандығы – «Менеджмент/маркетинг, іскерлік әкімшілендіру және бухгалтерлік есеп бакалавры».

Соңғы 5 жылдағы еңбек өтілі:

2017 – 2021 жж. «Самрук-Энерго» АҚ, «Стратегия және экономикалық талдау» департаментінің «Экономикалық талдау» бөлімінің бастығы.

2021 – 2023 жж. «Самрук-Энерго» АҚ, «Стратегия және экономикалық талдау» департаментінің директоры;
2023 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін «Самрук-Энерго» АҚ-ның Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры;

Үлестес компаниялардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі – жоқ.



МАРАТ ТУРГАНБЕКОВИЧ ДУЛКАИРОВ

Директорлар кеңесінің мүшесі (Аға тәуелсіз директор)

Туған күні: 1947 жылғы 4 маусым.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 17.04.2023ж. («Самрук-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің №05/23 хаттамасы).

Білімі: РФ Магнитогорск тау-кен металлургия институтын бітірген, біліктілігі – инженер-энергетик; РФ Магнитогорск индустриялық техникумы, біліктілігі – техник-металлург;

Соңғы 5 жылдағы еңбек өтілі:

2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚР Инженер-энергетиктер одағы» ЗТБ Бас директоры.

Қоғамның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.



РАСУЛБЕК АХЫЛБЕКОВИЧ МУСАБЕКОВ

Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)

Туған күні: 1958 жылғы 27 қазан

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына алғаш рет сайланған күні: 30.03.2018 ж. («Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің №02/18 хаттамасы).

«АлЭС» АҚ Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамына сайланған күні – 08.04.2021 ж. («Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің №04/21 хаттамасы).

Білімі жоғары, Қазақ химия-технология институтының Механика факультетін (Шымкент қ., Химиялық өндірістердің машиналары мен аппараттары), Алматы энергетика институтының Жылу-энергетика факультетін (Алматы қ., Жылу электр станциялары, инженер-жылу энергетигі) бітірген.

Техника ғылымдарының кандидаты, энергетика доценті.

Соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

2009 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - Алматы энергетика және байланыс институты, «Өнеркәсіптік жылу энергетикасы» кафедрасының меңгерушісі.

Қоғамның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.



МУРАТКУЛ СЕЙТКУЛОВИЧ МАКЕЕВ

Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)

Туған күні: 1966 жылғы 03 мамыр

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 25.12.2023 ж. («Самрук-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 25.12.2023 жылғы №18/23 хаттамасы).

Білімі – жоғары:

Алматы энергетика институты – Жылу энергетикасы факультеті, мамандығы – жылу электр станциялары, бітірген жылы – 1990 ж.

Соңғы 5 жылдағы еңбек өтілі:

2018 – 2019 жж. «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, өндіріс және қызмет көрсету жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары.

2019 – 2022 жж. «Ангрен ЖЭС» АҚ, Өзбекстан Республикасы, Бас директор.

2022 жылғы шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін «Энергоинвест Атырау» ЖШС, Коммерциялық директор.

«АлЭС» АҚ-ның, жеткізушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМДЕРІ

«АлЭС» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері оларды сайлау туралы Жалғыз акционердің шешімімен белгіленген мерзім ішінде өз өкілеттіктерін жүзеге асырады. Жалғыз акционердің өкілдері Директорлар кеңесінің құрамындағы қызметін Қоғаммен жекелеген шарттар жасаспай жүзеге асырады. Тәуелсіз директорлар өз қызметін Директорлар кеңесінің құрамындағы өкілеттік мерзімі ішінде қолданылатын шарттардың негізінде жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамының тәуелсіз директорларымен шарттар 2024 жылғы 8 сәуірде жасалды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІН ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Қоғамның Жарғысына және Директорлар кеңесі туралы ережесіне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционердің шешімімен сайланады. Қоғамның акционері болып табылмайтын және Акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс етілмеген) жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауға тиіс.

Қоғам Басқармасының Төрағасын қоспағанда, Қоғам Басқармасының мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы Жалғыз акционердің шешімімен айқындалады.

Ескертпе: Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібі, сондай-ақ олардың негізгі функциялары туралы толық ақпаратпен Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған Директорлар кеңесі туралы ережеде танысуға болады: .

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНЫҢ САНЫ (2025 ЖЫЛҒЫ)

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспары (бұдан әрі – Жұмыс жоспары) Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 15 қарашадағы (№09/24 хаттама) шешімімен бекітілді.

2025 жылға арналған Жұмыс жоспарында 39 мәселені қарау көзделді, бұл ретте жыл ішінде қарауға жоспарланған мәселелер санының біркелкі бөлінуі қамтамасыз етілді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспары 100% толық көлемде орындалды, 11 күндізгі отырыс өткізілді, барлық отырыстарда кворум сақталды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық шешімдері белгіленген мерзімдерде орындалды (есеп қоса беріледі).

Бұдан басқа, 2025 жыл ішінде Қоғамның Директорлар кеңесімен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын жоспардан тыс сұрақтар (53 сұрақ) қаралды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУ:

Барлық отырыстарда кворум сақталды, дауыс беруге Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің орта есеппен 90%-дан астамы қатысты, 2 күндізгі отырыста жазбаша пікірлер ұсынылды.

2025 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕ ҚАРАЛҒАН НЕГІЗГІ СҰРАҚТАР

Есепті жылы Директорлар кеңесі Қоғамның стратегиялық дамуына, қаржылық тұрақтылығына, инвестициялық қызметіне және корпоративтік басқаруын жетілдіруге қатысты сұрақтарды қарады.

Негізгі шешімдер:

- ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуын келісу және бақылау, оның ішінде қаржы институттарымен және мердігер ұйымдармен келісімдерді жасасу және өзгерту;
- «QazaqGaz Aimaq» АҚ-мен тауарлық газды жеткізу туралы ұзақ мерзімді шарт жасасу;
- Ішкі нормативтік құжаттарды, оның ішінде Мінез-құлық кодексін, Тәуекелдерді басқару саясатын және Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту жоспарын бекіту;
- Омбудсменді, Корпоративтік хатшыны тағайындау және Аға тәуелсіз директорды сайлау;
- Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындыларын және негізгі қызмет көрсеткіштеріне қол жеткізуін қарау;
- еңбекті қорғау, тәуекелдерді басқару, комплаенс, Омбудсменнің қызметі және тұрақты даму саласындағы бастамаларды іске асыру жөніндегі есептерді қарау;
- Қоғамның Тәуекелдер тізілімін, Тәуекелдер картасын, негізгі тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын, негізгі тәуекел көрсеткіштерін және жалпы тәуекел-тәбетін бекіту;
- аудиторлық есептерді және инвестициялық жобалардың тиімділігі туралы есептерді қарау;
- Қоғам қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесіне өзгерістер енгізу;
- Директорлар кеңесінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Қоғамның Директорлар кеңесі жанында мынадай комитеттер жұмыс істейді:
ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ



2025 жылы «АлЭС» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті бейнеконференцбайланыс форматында 4 отырыс өткізді. Комитет мүшелерінің барлық отырыстарға қатысуы 100%-ды құрады.

Жыл ішінде Комитет Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Төрағаның, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметінің тиімділігін бағалауға, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби дамуына байланысты сұрақтарды қарады. Бұдан басқа, Комитет Омбудсменнің жұмыс нәтижелері және Қоғам қызметкерлерінің Мінез-құлық кодексін сақтауы туралы есебін қарады, Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар әзірледі және Комитеттің Жұмыс жоспарын бекітті.

Мәселелерді қарау қорытындысы бойынша Комитет Директорлар кеңесінің корпоративтік басқару және персоналды басқару жүйесін дамыту мәселелері бойынша шешімдер қабылдауы үшін ұсынымдар дайындады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

«АлЭС» АҚ қызмет тиімділігін арттыруға, активтердің сақталуына, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға және қаржылық есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз етуге бағытталған ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Қаржылық есептілікті дайындау процесіне қатысты ішкі бақылау жүйесі өкілеттіктерді шектеу, деректерді көп деңгейлі тексеру және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ХҚЕС) талаптарын сақтау қағидаттарына негізделген. Бақылау рәсімдері қаржылық есептілікті қалыптастырудың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады және шаруашылық операциялардың толық әрі дұрыс көрсетілуін тексеруді, бекітілген

есеп саясатының сақталуын, қаржылық деректердің дұрыстығын бақылауды және ақпараттың уақтылы ашылуын қамтиды.

Қоғамда қаржы-шаруашылық қызметіне және қаржылық есептіліктің дұрыстығына әсер етуі мүмкін тәуекелдерді анықтауды, бағалауды, мониторингтеуді және барынша азайтуды қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жұмыс істейді. Жыл сайын Тәуекелдер тізілімі, Тәуекелдер картасы, негізгі тәуекел көрсеткіштері және негізгі тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар бекітіледі.

Директорлар кеңесі қаржылық есептілікті, тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді, ішкі және сыртқы аудит нәтижелерін, сондай-ақ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуы туралы есептерді қарау арқылы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне қадағалауды жүзеге асырады. Осы мәселелерді қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі қолданыстағы бақылау тетіктерінің жеткіліктілігін бағалайды және корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылдайды.

БАСҚАРМА. БАСҚАРМАНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма Төрағасы басқаратын алқалы атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады.

Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру, өткізу, шешімдерді қабылдау және ресімдеу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 21 қазандағы шешімімен (№32 хаттама) бекітілген Қоғамның Басқармасы туралы ережемен айқындалады.

Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау, Қоғамның Директорлар кеңесінің міндеттері мен тапсырмаларын орындау, адалдық, парасаттылық, ақылға қонымдылық, сақтық, тұрақтылық болып табылады.

Басқарманың қызметі Жалғыз акционерге және Қоғамның Директорлар кеңесіне толығымен есепті.

Қоғам Басқармасы тұрақты отырыстарды бетпе-бет нысанда өткізеді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «АлЭС» АҚ Басқармасының құрамында 6 мүше болды, оның ішінде 1-і – әйел, бұл Басқарманың жалпы құрамының 16,7%-ын құрайды.

«АлЭС» АҚ-ның 2025 жылғы жылдық есебі

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



ЕРИК КАНЫШБЕКОВИЧ МАШИРОВ

Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

1988 жылғы 10 наурызда дүниеге келген.

Білімі: Т.Рыскулов атындағы Қазақ экономикалық университеті, (бакалавр). Мамандығы: Қаржы.

Т.Рыскулов атындағы Қазақ экономикалық университеті, (Экономика және бизнес магистрі). Мамандығы – Қаржы.

«Көкше» академиясы. Мамандығы: Құқықтану.

Соңғы 3 жылдағы еңбек өтілі:

2021 жылғы сәуірден 2022 жылғы маусымға дейін – «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі;

2021 жылғы желтоқсаннан 2023 жылғы маусымға дейін – «Insight consult» ЖШС үйлестірушісі;

2023 жылғы 03 шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін – «АлЭС» АҚ Басқарма Төрағасы.



БАУЫРЖАН БОЛАТОВИЧ КАЛИЕВ

Өндіріс жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары - Бас инженер, Басқарма мүшесі

1982 жылғы 11 қарашада туған.

Білімі: Алматы энергетика және байланыс институты.

Мамандығы «инженер-жылу энергетигі».

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

2019 жылғы сәуірден 2023 жылғы қарашаға дейін – «АлЭС» АҚ 2-ЖЭО-ның Бас инженері;

2023 жылғы қарашадан 2024 жылғы маусымға дейін – «АлЭС» АҚ 3-ЖЭО-ның директоры;

2024 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін «АлЭС» АҚ-ның Өндіріс жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары – Бас инженері.



АСЕЛЬ АМАНТАЕВНА АРГИНБАЕВА

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

1975 жылғы 24 наурызда туған.

Білімі: Қазақ мемлекеттік басқару академиясы. Мамандығы: Қаржы және кредит, банк ісі.

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

2017 жылғы қарашадан 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін – «АлЭС» АҚ Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

2020 жылғы қаңтардан қазіргі уақытқа дейін – «АлЭС» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.

«АлЭС» АҚ-ның 2025 жылғы жылдық есебі



Нуржан Шаганбекович Исабаев

Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

1980 жылғы 17 мамырда туған.

Білімі жоғары – ҚР ІІМ Академиясы. Мамандығы: Құқықтану.

РМҚК «Р. Байсеитов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі». Мамандығы: Қаржы.

«Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ.

Мамандығы: Жылу энергетикасы.

Соңғы 3 жылдағы жұмыс тәжірибесі:

2016-2022 жж. – «АлЭС» АҚ Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры – Басқарма мүшесі;

2022-2023 жж. – «Insight Consult» ЖШС Құқықтық сүйемелдеу қызметінің басшысы, Адами ресурстар басқармасының басшысы (қоса атқару);

2023 жылғы тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – «АлЭС» АҚ Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры



ЕРНАР АСКАРОВИЧ САНДЫБАЕВ
Жалпы мәселелер жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

1983 жылы 3 тамызда туған.

Білімі жоғары – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Мамандығы: Құқықтану.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті.

Мамандығы – Электр энергетикасы.

Соңғы 3 жылдағы еңбек өтілі:

11.2020 – 05.2022 жж. – Энергия тиімділігі және инфрақұрылымдық даму басқармасының «Алматы Су» МКК атқарушы директоры, Алматы қ.

07.2022 – 01.2023 жж. – «АлЭС» АҚ Ұйымдастырушылық сүйемелдеу басқармасының басшысы

01.2023 – 19.09.2023 жж. – «АлЭС» АҚ Шаруашылық басқармасының басшысы

20.09.2023 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «АлЭС» АҚ Жалпы мәселелер жөніндегі басқарушы директоры – Басқарма мүшесі



ЕРЖАН ТОКСАНБЕКОВИЧ БУРАМБАЕВ

Даму және құрылыс жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

1968 жылғы 20 қарашада дүниеге келді.

Білімі жоғары – Г.В. Плеханов атындағы Ленин, Октябрь революциясы және Еңбек Қызыл Ту орденді Санкт-Петербург тау-кен институты.

Мамандығы – тау-кен инженері.

Халықаралық банк институты.

Мамандығы - Экономист-менеджер.

Санкт-Петербург мемлекеттік университеті.

Мамандығы - Кәсіпорындағы экономика және басқару.

07.2022 ж. бастап 07.2023 ж. дейін – «АлЭС» АҚ-ның ақылы қызмет көрсету шарты;

07.2023 ж. бастап 08.2025 ж. дейін – «АлЭС» АҚ Салынып жатқан кәсіпорындар департаментінің Техникалық құжаттама басқармасының басшысы;

2025 жылғы 15 тамыздан бастап – қазіргі уақытқа дейін – «АлЭС» АҚ-ның Даму және құрылыс жөніндегі басқарушы директоры;

ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес, («Самрук-Энерго» АҚ Басқармасы отырысының 15.03.2024 жылғы № 7 хаттамасы):

«АлЭС» АҚ Басқармасының құрамы 6 (алты) мүше мөлшерінде айқындалды:

- Ерик Канышбекович Маширов – «АлЭС» АҚ Басқарма Төрағасы;
- Газий Жумабаевич Исмухамбетов – «АлЭС» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары – Бас инженер (2024 жылғы 13 маусымнан бастап өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды);
- Асель Амантаевна Аргинбаева – «АлЭС» АҚ-ның экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры;
- Даурен Сагидулла – «АлЭС» АҚ-ның даму және құрылыс жөніндегі басқарушы директоры (18.07.2024 ж. тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты бұзылды);
- Ерасыл Кайратович Актымбаев – «АлЭС» АҚ-ның қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры (17.03.2025 ж. тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты бұзылды);
- Нуржан Шаганбекович Исабаев – «АлЭС» АҚ-ның құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры (03.03.2026 ж. тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты бұзылды);

Қоғамның жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес («Самрук-Энерго» АҚ Басқармасының 13.06.2024 жылғы № 18 хаттамасы):

- Бауыржан Болатович Калиев 2024 жылғы 13 маусымда «АлЭС» АҚ-ның Басқарма төрағасының орынбасары – Бас инженер лауазымына тағайындалды.

Қоғамның жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес («Самрук-Энерго» АҚ Басқармасының 10.07.2025 жылғы № 19 хаттамасы):

Ернар Аскарович Сандыбаев 2025 жылғы 10 шілдеден бастап «АлЭС» АҚ Басқармасының мүшесі болып сайланды.

Қоғамның жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес («Самрук-Энерго» АҚ Басқармасының 06.08.2025 жылғы № 21 хаттамасы):

Ержан Токсанбекович Бурамбаев 06.08.2025 жылдан бастап «АлЭС» АҚ Басқармасының мүшесі болып сайланды.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІН ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Басқарма мүшелері Қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен сайланады.

Қоғам Басқармасының сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 21 қазандағы шешімімен бекітілген (№32 хаттама) Қоғамның Басқармасы туралы ережемен айқындалады және кемінде 5 (бес) мүшеден тұруы тиіс.

Басқарма мүшелігіне кандидаттар өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционердің және Қоғамның мүддесінде Басқарманың тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесіне, оң беделге, білімге, біліктілікке және іскерлік және (немесе) салалық ортадағы оң жетістіктерге ие болуы тиіс.

2025 ЖЫЛҒЫ БАСҚАРМА ОТЫРЫСТАРЫНЫҢ САНЫ

2025 жылы «АлЭС» АҚ Басқармасы 23 отырыс өткізіп, оларда 100-ден астам мәселе қаралды. Барлық отырыстар күндізгі нысанда өткізілді.

Есепті жылда Басқарма Қоғам қызметін стратегиялық және операциялық басқару, инвестициялық жобаларды іске асыру, қаржы-экономикалық қызмет, тәуекелдерді басқару, орнықты

даму, ішкі бизнес-процестерді және корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі сұрақтарды қарады.

Ірі инвестициялық жобаларды іске асыру, соның ішінде қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып Алматы 2-ЖЭО-сын жаңғырту, Алматы 3-ЖЭО-сын қайта жаңарту және Б.Оразбаева атындағы 1-ЖЭО-ны қайта жаңарту жобасын дайындау сұрақтарына елеулі көңіл бөлінді. Сондай-ақ жобаларды сақтандыру, жобалау-сметалық құжаттаманы бекіту және техникалық-экономикалық негіздемелерді түзету сұрақтары да қаралды.

Корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару саласында Басқарма тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін және ішкі бақылауды дамытуға, инсайдерлік ақпаратты басқаруға, сондай-ақ қызметтің негізгі көрсеткіштері мен персоналды бағалау жүйесін жетілдіруге бағытталған ішкі нормативтік құжаттарды қарап мақұлдады.

Жыл ішінде Басқарма Қоғамның ХҚЕС бойынша қаржылық есептілігін, аудиторлық тексеру нәтижелерін, есепке алу саясатын өзектендіру, өндірістік шығындарды бекіту және активтерге түгендеу жүргізу сұрақтарын қарады. Сонымен қатар орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асыру, Қоғамның салалық бірлестіктер мен кәсіби қауымдастықтарға қатысуы, сондай-ақ бейінді емес активтер мен қайталама ресурстарды өткізу сұрақтары қаралды.

БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘРТҮРЛІЛІК САЯСАТЫ

«АлЭС» АҚ басқару органдарын және кадр резервін қалыптастыру кезінде тең мүмкіндіктер, кемсітушілікке жол бермеу және әртүрлілікті қамтамасыз ету қағидаттарын ұстанады.

Қоғамда жеке Әртүрлілік саясаты бекітілмеген. Сонымен қатар әртүрлілік сұрақтары кадр саясаты, персоналды іріктеу және дамыту рәсімдері шеңберінде, сондай-ақ Қоғамның басқару органдарын қалыптастыру кезінде ескеріледі.

Директорлар кеңесінің, Басқарманың құрамына және басшы лауазымдарға кандидаттарды іріктеу кезінде олардың жынысына, жасына, ұлтына, денсаулық жағдайына немесе өзге де сипаттамаларына қарамастан, кәсіби біліктілігі, жұмыс тәжірибесі, құзыреттері, көшбасшылық қасиеттері, іскерлік беделі және Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету қабілеті негізгі өлшемшарттар болып табылады.

Әртүрлілік қағидаттарын қолданудың мақсаттары:

- басқару органдарының теңгерімді құрамын қамтамасыз ету;
- әртүрлі кәсіби тәжірибесі мен құзыреттері бар мамандарды тарту;
- әртүрлі жас топтарындағы қызметкерлердің кадрлық әлеуетін дамыту;
- қызметкерлердің кәсіби дамуы мен мансаптық өсуі үшін тең мүмкіндіктер жасау.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында энергетика, қаржы, корпоративтік басқару, стратегиялық даму және білім беру салаларындағы мамандар ұсынылған. Басқарма құрамына өндіріс, құрылыс, қаржы, құқықтық қамтамасыз ету және әкімшілік басқаруды қоса алғанда, әртүрлі кәсіби бағыттардың өкілдері кірді. Басқарма құрамындағы әйелдердің үлесі 16,7%-ды құрады.

Қоғам сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жастарға, әртүрлі жас топтарындағы қызметкерлерге және мүгедектігі бар адамдарға жұмысқа орналасу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді тиімді басқару «АлЭС» АҚ корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және Қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етуге, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және бизнес құнын сақтауға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару жүйесі Қоғам қызметінің барлық бағыттарын қамтиды және тәуекелдерді уақтылы анықтау, бағалау, мониторингілеу және барынша азайту қағидаттарына негізделген. Тәуекелдерді басқару COSO халықаралық тәсілдеріне және «Үш қорғаныс шебі» моделіне сәйкес жүзеге асырылады, бұл негізгі бизнес-процестерге кешенді бақылауды қамтамасыз етеді және негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін қадағалауды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Жыл сайын Тәуекелдер тізілімі, Тәуекелдер картасы, негізгі тәуекел көрсеткіштері (НТК) және Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары қалыптастырылады және бекітіледі.

Тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі ішкі құжаттар болып мыналар табылады:

• «АлЭС» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты;•
Тәуекелдерді идентификаттау және бағалау
қағидалары;• Ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары.

«АлЭС» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдық құрылымы



ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІН БАСҚАРУ

Ішкі бақылау жүйесі негізгі және қосалқы бизнес-процестердің сенімділігі мен тиімділігін, есеп берудің анықтығын және заңнама мен Қоғамның ішкі құжаттары талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

2025 жылы тәуекелдер мен бақылаулар матрицаларын өзектендіруді, жаңа бақылау рәсімдерін енгізуді және тәуекелдердің автоматтандырылған мониторингі құралдарын дамытуды қоса алғанда, ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жалғастырылды.

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі бизнес-процестердің тұрақтылығын тұрақты бағалауды, әлеуетті қатерлерді мониторингілеуді және төтенше жағдайларда іс-қимылдарға дайындықты қолдауды көздейді. Қоғамда қызметті қамтамасыз ету және қалпына келтіру жоспарларына тұрақты мониторинг пен тестілеу жүргізіледі.

ТӘУЕКЕЛ-АППЕТИТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР МОНИТОРИНГІ

Директорлар кеңесі Қоғамның тәуекел-аппетитін белгіледі, ол стратегиялық және операциялық мақсаттарды іске асыру кезінде тәуекелдің рұқсат етілген деңгейін айқындайды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Тәуекелдер тізілімі, Тәуекелдер картасы және негізгі тәуекел көрсеткіштері өзектендірілді. Бағалау барысында Қоғам қызметіне тән 36 тәуекел анықталды, олардың 19-ы негізгі тәуекелдерге жатқызылды (2024 жылы – 15 тәуекел).

ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ

Ықпалы					
5	60-О-АлЭС	1-С-АлЭС; 10-С-АлЭС; 15-Ф-АлЭС; 11-С-АлЭС; 65-Ф-АлЭС		58-О-АлЭС	8-С-АлЭС; 24/4-Ф-АлЭС
4			30-С-АлЭС; 31-С-АлЭС	24/3-Ф-АлЭС	55-С-АлЭС; 56-С-АлЭС
3	18-Ф-АлЭС; 4-С-АлЭС	28-О-АлЭС; 53-П-АлЭС	64-О-АлЭС; 66-О-АлЭС		3-С-АлЭС
2	29-С-АлЭС	51-П-АлЭС; 52-П-АлЭС; 59-О-АлЭС		61-О-АлЭС	38-О-АлЭС; 63-О-АлЭС
1	26-О-АлЭС; 48-П-АлЭС	27-О-АлЭС; 68-П-АлЭС	17-Ф-АлЭС; 32-О-АлЭС; 49-П-АлЭС	67-О-АлЭС	
	1	2	3	4	5

Ықтималдық

«АЛЭС» АҚ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Тәуекел коды	Атауы
8-С-АлЭС	Қызметтік міндеттерді орындау процесінде қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зиян келу, өндірістегі жазатайым оқиғалар тәуекелі."(Өндірістік персоналдың жарақаттануы)
24/4-Ф-АлЭ	Электр энергиясына арналған тарифтің экономикалық негізделген деңгейде алынбауы.
58-О-АлЭС	Экологиялық тәуекел
1-С-АлЭС	Репутациялық тәуекел
10-С-АлЭС	Инвестициялық жобалардың тәуекелдері
11-С-АлЭС	Әлеуметтік тәуекелдер
15-Ф-АлЭС	Операциялық, инвестициялық, қаржылық қызметті жүзеге асыру үшін өтімділіктің жетіспеушілігі
24/3-Ф-АлЭС	Жылу энергиясы тарифін экономикалық негізделген деңгейде алмау.
55-С-АлЭС	Электр энергиясын өндіру көлемінің төмендеуі
56-С-АлЭС	Жылу энергиясын өндіру көлемінің төмендеуі
65-Ф-АлЭС	Сыртқы кредиторлар ковенанттарының бұзылу тәуекелі
3-С-АлЭС	Адам ресурстарының тәуекелдері
30-С-АлЭС	Климаттық физикалық тәуекелдер
31-С-АлЭС	Климаттық өтпелі тәуекелдер
38-О-АлЭС	Электр энергиясын өндіру саласындағы апаттар (Жабдықтың технологиялық істен шығулары)
60-О-АлЭС	Сапасыз сақтандыру қорғанысының тәуекелі
63-О-АлЭС	Жабдықты жөндеу кестесінің орындалмауы
64-О-АлЭС	Құрылымдық бөлімшелердің өнім берушіден, орындаушыдан/мердігерден сапасы төмен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдауы.
66-О-АлЭС	Орындаушының/мердігердің жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша шарт талаптарын орындамауы

2025 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСҚАН ТӘУЕКЕЛДЕР

3	Түсті металдар сынықтары	Металдарды аспаптық өңдеу, КИПиА аспаптарын, автокөлікті жөндеу кезінде түзіледі. Түсті металдар сынықтары мыс, қола, алюминий, жез сынықтары түрінде құрылыс, жөндеу және металл өңдеу жұмыстарынан түзіледі.	Өрт қаупі жоқ	Қатты; жез – 70%, қола – 30%	Кәдеге жарату → «Сталь QZ» ЖШС
4	Құрылыс қоқысы	Жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында түзіледі. Күрделі және ағымдағы жөндеулер көлеміне қарай өз күшімен де, мердігерлік ұйымдарды тарту арқылы да жүргізіледі және болашаққа жоспарланады.	Өртке қауіпті, уытты емес.	Қатты; құм/топырақ – 60%, цемент – 35%.	ҚУСҚ → «Ахметов» ЖК

№	Қалдық түрі	Түзілуі	Сипатта-масы	Агрегаттық күйі және құрамы	Жұмыс істеу (сақтау және кәдеге жарату)
		Құрылыс қоқысының құрамына сылақ қалдықтары, бетон, кірпіш сынықтары, алынған кафель, шаң, топырақ, құм және т.б. кіреді.			
5	Шыны сынығы	Тікелей пайдалануға жарамсыз, пайдалану құндылығын жоғалтқан шыныдан жасалған бұйымдар немесе бұйымдардың бөлшектері, сондай-ақ түзетілмейтін ақауы бар бұйымдар, сынған тұрмыстық және өнеркәсіптік шыны. Үй-жайларды жөндеуден және салудан кейін пайда болады.	Өрт қауіпті емес	Қатты; SiO_2 – 99,9%-ға дейін	Контейнерлер → «Marshal-EcoLand» ЖШС
6	Ағаш қалдықтары	Ағаш ұстасы учаскесінде жөндеу-құрылыс және шаруашылық жұмыстарын жүргізу кезінде пайдаланылатын ағашты өңдеу нәтижесінде түзіледі.	Өртке қауіпті	Қатты; ағаш – 98,9%	СВХО → ЖК «Ахметов»
7	Пайдаланылған сүзгілер	Майды ауыстырған кезде, қозғалтқыштың жұмысы кезінде майды тазартқанда түзіледі.	Өртке қауіпті	Қатты; целлюлоза – 38,7%, Fe_2O_3 – 25%	Қалдықтарды уақытша сақтау қоймасы → «УтилИндастри» ЖШС
8	Резеңке-техникалық бұйымдар	Техниканы және технологиялық жабдықты пайдалану барысында түзіледі.	Өрт қауіпті	Қатты; каучук – 96%	«УтилИндастри» ЖШС
9	Сынапты шамдар	Олардың ресурсын өтеуі нәтижесінде түзіледі. Кәсіпорынның өндірістік, кеңсе үй-жайларын және аумағын жарықтандыру үшін ЛБ-40 (SL40/38-735), ЛБ-80, ДРЛ-250, 400, 700 люминесцентті шамдары пайдаланылады.	Өртке және жарылысқа қауіпті емес. Уытты.	Қатты; шыны – 90%, Hg – 4,2%	Арнайы сақтау → демеркуризация («УтилИндастри» ЖШС)
10	Пайдаланылған аккумуляторлық батареялар	Ресурсы таусылуы нәтижесінде түзіледі, қойма үй-жайындағы арнайы жабдықталған жерде уақытша сақталады. Аккумуляторлық батареялар автокөлік үшін қолданылады, сондай-ақ станцияда авариялық және үздіксіз қоректендіру үшін әртүрлі типтегі стационарлық аккумуляторлық батареялар пайдаланылады.	Өртке және жарылысқа қауіпті емес. Уытты.	Қатты; қорғасын – 52,3%	Қойма → «Сталь QZ» ЖШС
11	Пайдалануға жарамсыз электрондық жабдықтар (ұйымдастыру техникасы, мониторлар, пластмасса бұйымдары, байланыс жабдығы, тұрмыстық техника, радиожабдық, картридждер).	Пайдалануға жарамсыз электрондық жабдықтар (ұйымдастыру техникасы, мониторлар, байланыс жабдығы, тұрмыстық техника, радиожабдық, картридждер) болып табылады. Қоймада арнайы бөлінген жерде уақытша сақталады.	Өртке және жарылысқа қауіпті емес. Уытты емес.	Қатты; пластик, металл	СВХО → «УтилИндастри» ЖШС

№	Қалдық түрі	Түзілуі	Сипатта-масы	Агрегаттық күйі және құрамы	Жұмыс істеу (сақтау және кәдеге жарату)
12	Майланған сүрту шүберегі	Технологиялық жабдыққа қызмет көрсету (механизмдерді, бөлшектерді, станоктар мен машиналарды сүрту) нәтижесінде түзіледі, цехтарда арнайы металл герметикалық контейнерлерге жиналады.	Өрт қауіпті	Қатты; мата – 56%, май – 30,6%	Қалдықтарды уақытша сақтау қоймасы → «УтилИндастри» ЖШС
13	Майланған шлам	Мазут бактары мен резервуарларын мерзімді тазарту нәтижесінде пайда болады. Майланған шлам қатаң бөлінген орындарда, герметикалық металл жәшіктерде уақытша сақталады және жиналуына қарай мамандандырылған кәсіпорын шарт негізінде шығарады. Герметикалық металл жәшіктерде уақытша сақталады.	Өрт қаупі бар	Паста тәрізді; мұнай – 80%	Герметикалық → «УтилИндастри» ЖШС
14	Мұнай өнімдерімен ластанған топырақ/құм/қиыршық тас	Мұнай өнімдерімен ластанған топырақ жабдықтың ақаулығы, автотехникаға жанармай құю және оны пайдалану кезінде мұнай өнімдерінің төгілуі нәтижесінде пайда болады. Мұнай өнімдерімен ластанған топырақ/құм/қиыршық тас қатаң белгіленген орындарда, қатты жабындыдағы герметикалық металл жәшіктерде уақытша сақталады және жиналуына қарай шарт негізінде мамандандырылған кәсіпорынмен шығарылады. Уақытша герметикалық металл жәшіктерде сақталады.	Өртке қауіпті	Қатты; мұнай – 30%	«УтилИндастри» ЖШС
15	Лак-бояу материалдарының қалдықтары	Жабдықтарды жөндеу және монтаждау, автокөлік техникасын жөндеу, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеу және салу жұмыстарын жүргізу кезінде түзіледі. Герметикалық металл контейнерлерде уақытша сақталады.	Жарылыс қаупі жоқ	Қатты; қаңылтыр 99%-ға дейін	Қалдықтарды уақытша сақтау қоймасы → «Ахметов» ЖК
16	Пайдаланылған Рашига сақиналары	Декарбонизатор бактарында тозғаннан кейін түзіледі.	Белсенді емес	Қатты; металл оксидтері	Алаң → арнайы кәсіпорын
17	Макулатура	Талшықты шикізат ретінде одан әрі пайдалануға жарамды қағаз бен картонның барлық түрлерін пайдалану нәтижесінде түзіледі.	Өрт қауіпті	Қатты; целлюлоза	Жинау → «Қазақстан қағазы» ЖШС
18	Аралас коммуналдық қалдықтар (ҚТҚ)	Шаруашылық қызмет нәтижесінде түзіледі	Өртке қауіпті	Қатты; аралас құрам	Контейнерлер → «Marshal-EcoLand» ЖШС, «Ахметов» ЖК
19	Күл-қож қалдықтары	Біріктірілген күл-қож аластау жүйесінің алаңында екі секциялы ДОГС және ПРЗШО орналасқан, олар Күл-қож қалдықтарын жинақтаудың	Өртке қауіпті емес, жарылысқа қауіпті	Қатты/пульпа	Қоймалау (ДОГС, ПРЗШО)

№	Қалдық түрі	Түзілуі	Сипатта-масы	Агрегаттық күйі және құрамы	Жұмыс істеу (сақтау және кәдеге жарату)
		біріктірілген жүйесінің негізгі құрылыстарының құрамына кіреді. Күл-қож материалдары энергетикалық қазандықтарда отынды жағу процесінде түзіледі.	емес, уытты емес		

«АлЭС» АҚ құрғақ күл-қож қалдықтарын қоймалау көлемін қысқарту бойынша міндеттемелер алды. Міндеттемелерді орындау үшін 2025 жылы «Vulban construction materials limited» ЖШС, «SICHUAN JIUJIANGLONG STEEL STRUCTURE ENGINEERING CO., LTD» ЖШС құрылыс қоспалары мен газ-бетон блоктарын өндіретін зауытты салу және пайдалану жөніндегі жобаны іске асыруды жалғастырды. Жобаға сәйкес өңделетін құрғақ күл-қож қалдықтарының көлемі жылына шамамен 300 000 тоннаны құрайды. Бұл іс-шараны іске асыру құрғақ қоймалау үйіндісінің алаңдарын қысқартуға мүмкіндік береді, тиісінше қоршаған ортаға және адам денсаулығына түсетін жүктемені едәуір азайтады.

Сондай-ақ, 2-ЖЭО мен 3-ЖЭО-ның біріктірілген күл-қож аластау жүйесінің аумағынан күл-қож қалдықтарын өткізуге «2-А» ЖШС-мен, «Нуран Групп» ЖШС-мен, «KorCemTas» ЖШС-мен, «Саулет Строй Инжиниринг» ЖШС-мен, «Unisource» ЖШС-мен, «Zyjz» ЖШС-мен, «M.D.A.&Business» ЖШС-мен, «Sapa Industry Group» ЖШС-мен, «Arlan Logistics Group» ЖШС-мен шарттар жасалды. 2025 жылы 57 025,96 тонна күл-қож қалдықтары өткізілді.

Радиоактивті қалдықтар

«АлЭС» АҚ өндірістік департаменттерінің қызметі процесінде радиоактивті қалдықтар түзілмейді.

- **Экологиялық менеджмент аспектілерін басқару**

Экологиялық менеджмент жүйесі (бұдан әрі - ЭМЖ) корпоративтік менеджмент жүйесінің құрамына кіреді. ЭМЖ-ны ендіру мен оның жұмыс істеуінің мақсаты «АлЭС» АҚ өндірістік департаменттерінің өз қызметі нәтижесінде, сондай-ақ өндірістік департаменттер аумағында жұмыстарды орындайтын және қызметтер көрсететін мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

«АлЭС» АҚ ЭМЖ-ны үздіксіз жетілдіреді және соның ішінде атмосфераға парниқалық газдардың шығарындыларына, ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділеріне, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен, өнеркәсіптік қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға барлық күш-жігерін бағыттайды.

«АлЭС» АҚ-да ЭМЖ-ның құрамдас бөлігі ретінде экологиялық саясатты іске асырудың бағыттары айқындалды:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы экологиялық заңнамасының және қоршаған ортаны қорғау саласындағы корпоративтік стандарттардың талаптарын орындауды қамтамасыз ету;
- экологиялық менеджмент жүйесін үздіксіз жетілдіру және оның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- технологиялық қайта жарақтандыру және ескірген жабдықты пайдаланудан біртіндеп шығару, ең озық қолжетімді технологияларды енгізу, өндірістің технологиялық процестерін жетілдіру;

- өндіріс қалдықтарының түзілу және қоршаған ортада орналастырылу көлемін қысқарту, олармен қауіпсіз жұмыс жүргізу, өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жобаларды іске асыру;
- баламалы нұсқаларды салыстыру негізінде өз өндірістік департаменттерінің көзделіп отырған қызметінің қоршаған ортаға, персонал мен халықтың денсаулығына әсерін бағалауды жүргізу;
- экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыруға персоналды тарту, әрбір қызметкердің назарына қызметтің экологиялық аспектілерін және олардың қоршаған ортаға әсерін жеткізу арқылы ұйым қызметкерлерінің экологиялық мәдениетін дамыту.

«АлЭС» АҚ-да маңызды экологиялық аспектілер айқындалды, олардың негізінде экологиялық тәуекелдер бағаланып, экологиялық мақсаттар белгіленді, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламалары әзірленіп, іске асырылды.

«АлЭС» АҚ үшін өзекті маңызды экологиялық аспектілер болып танылды: қазандық агрегаттарында отын жағу кезінде негізгі жабдықтан және электр мен жылу энергиясын өндірудің негізгі процесін сүйемелдеу, сондай-ақ көмір станцияларын жаңғырту және қайта құру жобаларын іске асыру кезінде қосалқы жабдықтан атмосфералық ауаға шығарындылар, ағынды суларды жер үсті көздеріне төгу, күл-қож қалдықтарын орналастыру және өндірістік департаменттер аумағында өндіріс пен тұтыну қалдықтарын уақытша сақтау, зиянды физикалық әсерлер және электр энергиясын өндірудің негізгі процесіне жанама әсер ететін басқа да экологиялық аспектілер.

Экологиялық аспектілерді қайта қарау және өзектілендіру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының өзгеруі;

2) экологиялық аспектілерді айқындау және олардың маңыздылығын анықтау әдістемесінің өзгеруі;

3) әсер етудің жаңа көздері пайда болған кезде технологиялық процестердің өзгеруі.

«АлЭС» АҚ-ның жоғары басшылығы Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесін әзірлеу, ендіру, оның жұмыс істеуі және оны жақсарту үшін қажетті адами, технологиялық, қаржылық ресурстардың қолжетімдігін қамтамасыз етеді.

ЭМЖ-ға сәйкес қоршаған ортаны қорғау мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

⁂ қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және іске асыру;

⁂ өнім өндіру, құрылыс-монтаждау және жөндеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде міндетті экологиялық сақтандыру;

⁂ эмиссияларға, қалдықтарға және т.б. өндірістік экологиялық бақылау мен мониторингті жүзеге асыру;

⁂ жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүргізу.

2025 жылы «АлЭС» АҚ-да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік-техникалық құжаттардың сақталуын, қоршаған ортаның жай-күйін, алдыңғы аудиттер барысында анықталған сәйкессіздіктерді жоюды, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау, экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау мақсатында ЭМЖ ішкі аудиттері тоқсан сайын жүргізілді.

Ішкі аудит нәтижелері бойынша сәйкессіздіктерді жою үшін түзету және алдын алу іс-шаралары әзірленіп, толық көлемде орындалды.

- **Өндірістік экологиялық бақылау және мониторинг**

«АлЭС» АҚ тоқсан сайын ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес әзірленген және келесі міндеттерді орындауға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламаларын іске асырады:

- ✓ негізгі және өндірістік процестердің қоршаған ортаға әсері туралы жедел ақпаратты алу;
- ✓ түзету және алдын алу іс-қимылдарын жүргізу және штаттан тыс жағдаяттарға жедел ден қою;
- ✓ стейкхолдерлерді (жергілікті халықты, мемлекеттік бақылаушы органдарды, серіктес компанияларды) кәсіпорынның экологиялық қызметі және қоршаған ортаға экологиялық әсерді азайту бойынша қабылданатын шаралар туралы ақпараттандыру.

Экологиялық бақылау шеңберінде қоршаған ортаға эмиссияларға – атмосфералық ауаға шығарындыларға, су объектілеріне төгінділерге, қалдықтардың жинақталу және көмілу көлемдеріне, сондай-ақ өндірістік кәсіпорындардың санитариялық-қорғау аймақтарының шекарасындағы қоршаған орта компоненттерінің: атмосфералық ауаның, жерүсті және жерасты суларының, топырақтың сапасына бақылау жүргізіледі.

2025 жылы 2-ЖЭО-ның стационарлық эмиссия көздерінде эмиссиялар нормативтерінің сақталуын онлайн режимде бақылауға мүмкіндік беретін шығарындылар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – АСМ) орнатылды. 1-ЖЭО және БЖК АСМ жүйелерінен алынған орташаландырылған деректер әрбір 20 минут сайын ҚР Қоршаған орта жай-күйінің ұлттық деректер банкіне беріледі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган тарапынан бақыланады.

2025 жылы тоқсан сайын мамандандырылған ұйыммен өндірістік экологиялық бақылау, сондай-ақ 1-ЖЭО, 2-ЖЭО, 3-ЖЭО, БЖК зертханаларымен тұрақты негізде өндірістік экологиялық мониторинг, департаменттер аумағының шегінде және өндірістік үй-жайларда радиациялық фонға жүйелі бақылау жүзеге асырылды, олардың нәтижелері бойынша қоршаған ортаның ластану деңгейінің асып кетуі тіркелмеді.

«АлЭС» АҚ өндірістік департаменттерінің қызметі қоршаған ортаға эмиссияларға арналған қолда бар рұқсаттармен қатаң регламенттелген, оларда рұқсат етілген эмиссиялардың көлемі сандық түрде белгіленеді. «АлЭС» АҚ қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды тартуға және енгізуге тұрақты назар аударады, жаңа технологиялар мен техниканы қолдану мүмкіндіктері қарастырылуда, экологиялық проблемаларды шешуге қатысты ҚР Үкіметі қабылдаған қаулылар орындалуда.

- **Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар**

«АлЭС» АҚ барлық жоспарланған табиғат қорғау іс-шараларын орындады, оның ішінде:

Атмосфералық ауаны қорғау бойынша: күл ұстайтын қондырғылардың тазарту дәрежесін ұстап тұру, ауа жылытқыштардың кубтарын жөндеу және ауыстыру, қазандық агрегаттарының оттықтарын, эмульгаторларды жөндеу, коррозияға қарсы жұмыстар жүргізілді, металл конструкциялар, құбырлар, тозған қыздыру беттері ауыстырылды, ПӘК-ті арттыру бойынша іс-шаралар енгізілді, қазандық агрегаттарындағы технологиялық циклдегі бұзушылықтар жойылды, 1, 2, 3-ЖЭО-ның қазандық агрегаттарында, аспирациялық қондырғыларында режимдік-баптау жұмыстары жүргізілді.

Барлық өндірістік департаменттердің санитариялық-қорғаныш аймағының шекарасында эмиссиялар мониторингі және әсер ету мониторингі жүргізілді.

Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану бойынша: 1-ЖЭО-ның қазандық, турбиналық, химиялық цехтарында, тазарту құрылыстарында сорғы жабдығы жөнделді, 2-ЖЭО мен 3-ЖЭО-да күл-қож қалдықтарын тасымалдау кезінде су шығынын түгендеу және қысқарту жөніндегі іс-шаралар жүргізілді, 2-ЖЭО-да өндірістік мақсаттағы айналмалы жүйе жөнделді, Қапшағай СЭС-інде су сынамаларына санитариялық-микробиологиялық зерттеулер жүргізілді.

Жер ресурстарын қорғау, жер қойнауын, флора мен фаунаны ұтымды пайдалану бойынша: күл-қож қалдықтары мен пульпаның төгілуінің алдын алу үшін тозған құбырларды ауыстыру, департаменттердің аумақтарын көгалдандыру, 2-ЖЭО мен 3-ЖЭО-да деградацияға ұшыраған аумақтарды рекультивациялау, 2-ЖЭО-да сазбалшық штабелінің үстіне қорғаныш қабатын төсеу, еңістерді шөп себу арқылы нығайту, сазбалшықтан жал бөгетін орнату, 3-ЖЭО-да партерлік және кәдімгі көгалдарды жасау үшін топырақты дайындау, шөп себу және шөп егістіктерін суару жұмыстары жүргізілді. БЖК-да өндіріс және тұтыну қалдықтарын уақытша сақтау алаңы салынды және жайластырылды.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу, радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік бойынша: 2-ЖЭО-да күл үйіндісін қайта жаңарту және кеңейту, сондай-ақ 1, 2, 3-ЖЭО-ның біріктірілген күл-қож тастау жүйесінің шаңдануының алдын алу жұмыстары жүргізілді, 1, 2, 3-ЖЭО, БЖК, Қапшағай СЭС, СЭС каскады, «Энергожөнде» ӨЖК департаменттерінің қатты тұрмыстық қалдықтары, құрамында сынап бар шамдары және басқа да қауіпті қалдықтары кәдеге жаратуға тапсырылды.

Қоршаған ортаны қорғауға арналған жалпы инвестициялар 2022 жылы 1,126 млрд. теңгені, 2023 жылы 3,918 млрд. теңгені, 2024 жылы 2,123 млрд. теңгені, 2025 жылы 1,502 млрд. теңгені құрады.

2022–2025 жылдардағы қоршаған ортаны қорғауға салынған инвестициялар, млн. теңге

Шығыстар бабы	2022	2023	2024	2025
Атмосфералық ауаны қорғау бойынша	646,2	2 050,0	1 317,4	1 268,0
Су ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану бойынша	157,4	161,9	221,0	117,9
Жер ресурстарын қорғау, жер қойнауын, флора мен фаунаны ұтымды пайдалану	42,9	28,0	149,5	18,7
Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу, радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік жөніндегі	199,9	1 678,1	435,1	97,8
Барлығы	**1 126,0**	**3 918,0**	**2 122,9**	**1 502,4**

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі барлық іс-шараларды орындау қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтуға және қоршаған орта сапасының нормативтерін сақтауға мүмкіндік берді.

- **Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы**

ҚР Салық кодексінің 636-642-баптарына сәйкес «АлЭС» АҚ қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы төлейді (Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес тиісті экологиялық рұқсат пен қоршаған ортаға әсер ету туралы декларация негізінде жүзеге асырылатын шығарындылар, ластаушы заттардың төгінділері, өндіріс қалдықтарын орналастыру). 2025 жылы қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы 994,8 млн. теңгені құрады.

2022–2025 жылдардағы қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы, млн. теңге

Төлемдер	2022	2023	2024	2025
Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары үшін төлемақы	755,7	864,1	896,4	954,1

ЖЖМ-нан шығарындылар үшін төлем	1,879	2,114	2,271	1,182
Ластаушы заттардың төгінділері үшін төлемақы	0,004	0,002	0,002	0,002
Табиғи ортада қалдықтарды орналастырғаны үшін төлемақы	67,6	204,4	198,9	39,6
Барлығы	**825,1**	**1 070,6**	**1 098,5**	**994,8**

- **Акциялар мен бастамалар**

2025 жылы «Что останется после нас …» – макулатураны жинау және тапсыру бойынша экологиялық акция өткізіліп, пайдалануға жарамсыз 4,5 тонна қағаз бен картон қайта өңдеуге тапсырылды және «Разряжайся!» – пайдаланылған тұрмыстық батарейкаларды тапсыру бойынша акциясы өткізіліп, 65,1 килограмм тұрмыстық батарейка тапсырылды. 2021 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде «АлЭС» АҚ қызметкерлері 303 кг батарейканы және 48,0 тонна макулатураны жинап, кәдеге жаратуға тапсырды.

2025 жылы келесі акциялар өткізілді: «Тазарту күні» көктемгі сенбілігі; Алматы қаласының «Южный» саябағында «ЭКО NOMAD» экологиялық акциясы; СЭС Каскадының дросселінде тауда өткен «Забота о природе начинается с каждого» сенбілігі; Алма-Арасан шатқалындағы Проходная өзенінде «#Таза өзен – таза жан деген сөз» экологиялық акциясы; Райымбек даңғылынан Монке би көшесіне дейінгі жылу трассасы бойындағы аумақты тазалау бойынша «Чистота, рожденная заботой» экологиялық акциясы. Өткізілген акциялардың нәтижесінде салмағы 10-15 кг болатын 3 300 қап қоқыс жиналды.

Барлығы 2021 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде «АлЭС» АҚ қызметкерлері көшпелі акциялар барысында 3 500-ден астам қоқыс пакетін жинады.

2025 жылғы 19 маусымда «АлЭС» АҚ «Қағазсыз күн» акциясын өткізді; күздің ортасында Қапшағай су қоймасына әрқайсысының салмағы кемінде 20 грамм болатын 3 500 сазан шабағы жіберілді.

Пайдаланылған пластик контейнерлерден арт-нысан жасалды. «Миньон-контейнерлер» пайдаланылған батарейкаларды жинау үшін өндірістік департаменттерге берілді.

2025 жыл ішінде ЖЭО-2-нің күл-қож алып тастаудың аралас жүйесінің аумағында 1 200 дана жапырақты ағаш көшеті, санитариялық-қорғау аймағының аумағында 1590 дана жапырақты ағаш көшеті отырғызылды.

- **Бақылаушы органдардың тексерулері.**

2025 жылы Алматы қаласы бойынша Экология департаменті ЖЭО-2-де жоспарлы тексеру жүргізген кезде, 10.12.2024 жылғы №78 Бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың орындалмағаны, атап айтқанда, 31.12.2024 жылға дейін эмиссиялардың негізгі стационарлық көздерінде қоршаған ортаға эмиссияларға мониторинг жүргізудің автоматтандырылған жүйесі орнатылмағаны және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға деректерді бермейтіні анықталды. Тексеру нәтижелері бойынша 14.03.2025 жылғы №7 Тексеру нәтижелері туралы акт жасалды, айыппұл санкцияларының сомасы – 295 360 теңге.

Алматы қаласының Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша 27.03.2025 жылғы №7528-25-00-3/15460 қаулы шығарды, атап айтқанда, ЖЭО-2-нің эмиссияларының негізгі стационарлық көздеріне қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін орнату туралы нұсқама орындалмаған. Айыппұл санкцияларының сомасы – 1 966 000 теңге.

Айыппұл санкцияларының көлемі - 2 261 360 теңгені құрады.

Алматы қаласының прокуратурасы Алматы қаласы бойынша Экология департаментімен бірлесіп, ЖЭО-1 мен ЖЭО-2-де жоспарлы тексеру жүргізген кезде мыналар анықталды:

- ЖЭО-1-де – алаң аумағы өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен қоқысталған, аумақтың солтүстік жағындағы т/ж тұйығы орналасқан платформада құрғақ бұтақтар жинақталған;

- ЖЭО-2-де ҚТҚ-ға арналған контейнерлік алаң қанағаттанарлықсыз жағдайда, контейнерлер таңбаланбаған, қалдықтарды бөліп жинау жүргізілмейді.

- ЖЭО-2-де және СЭС каскадында екі дизельді автомобильдің шығарынды газдары рұқсат етілген нормалардан асады.

Айыппұл санкцияларының көлемі - 1 179 600 теңгені құрады.

2025 жылы айыппұл санкцияларының жалпы сомасы - 4 845 760 теңгені құрады. Айыппұл санкциялары толық төленді. Бұзушылықтар белгіленген мерзімде жойылып, түзету іс-шаралары толық көлемде орындалды.

2024 жылы Алматы қаласы бойынша Экология департаменті ЖЭО-1-де және ЖЭО-2-де жоспардан тыс тексеру жүргізу кезінде мыналарды анықтады:

- ЖЭО-1-де ҚР экологиялық заңнамасының бұзылуы, атап айтқанда, экологиялық залал келтіруге әкеп соқпаған, жерді қауіпті химиялық заттармен ластау (ЖЭО-1-де мазут жылытқышының фланецті қосылысындағы төсеменің зақымдануы салдарынан мазуттың ағуы), бұл ҚР ЭК 238-бабының және 186-бабының 4-тармағы талаптарының бұзылуы болып табылады;

- ЖЭО-2-де оның негізгі стационарлық эмиссиялар көздерінде қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі орнатылмаған, бұл ҚР ЭК 418-бабы талаптарының бұзылуы болып табылады.

Айыппұл санкцияларының сомасы 2 584 400 теңгені құрады. Айыппұл санкциялары толық төленді. Бұзушылықтар белгіленген мерзімде жойылды және түзету іс-шаралары толық көлемде орындалды.

2023 жылы Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша экология департаменттері өндірістік департаменттердің аумағына бара отырып, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізбеді, айыппұл санкциялары салынбады. Алматы облысы бойынша экология департаменті субъектіге бармай, профилактикалық бақылау нысанында 1 тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша 3-ЖЭО департаментінің аумағынан қалдықтарды кәдеге жарататын мердігерлік ұйымда рұқсат беру құжаттамасының болмауына қатысты 1 ескерту жасалды. Ескерту жойылды. Мердігерлік ұйымнан рұқсат беру құжаттамасы сұратылып, Алматы облысы бойынша экология департаментіне тапсырылды. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша ескерту алынып тасталды.

2022 жылы Алматы облысы бойынша экология департаменті 3-ЖЭО аумағында қауіпті қалдықтардың қауіпті емес қалдықтармен араластырылғанын және орамаларда атауы көрсетілген таңбалаудың жоқтығын анықтады. Алматы қаласы бойынша экология департаменті мыналарды анықтады: 1-ЖЭО аумағында қазандықтар бойынша газдың жылдық шығысы ШРШ жобалық құжаттамасынан және ШРШ бойынша МЭК қорытындысынан артық жұмсалған (ауытқыған), аумақ қураған шөппен, металл сынықтарымен ластанған, қалдықтарды бөлек жинау жүргізілмейді; 2-ЖЭО аумағында ОКЦ-да (қатты отынды тасымалдау және дайындау кезіндегі үстемелеу орны) гидрошаңсыздандыру жүйесінің жоқтығы және өнеркәсіптік алаң аумағының (солтүстік жағы) қатты тұрмыстық және өндірістік қалдықтармен ластанғаны анықталды, сондай-ақ белгіленбеген жерде құрылыс қалдықтары мен металл сынықтарының жинақталғаны байқалды; БЖК аумағында қазандықтар бойынша газдың жылдық шығысы ШРШ жобалық құжаттамасынан және ШРШ бойынша МЭК қорытындысынан артық жұмсалған (ауытқыған).

Тексерулердің нәтижелері бойынша түзету іс-шаралары әзірленді, атап айтқанда: экологиялық заңнаманың сақталуына ішкі тексерулер жүргізу (эмиссиялар көздеріндегі өлшемдер, қалдықтарды жинақтау жүйелері және т.б.), экологиялық менеджмент жүйесінің жұмыс істеуін, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бағалау, энергия үнемдеу және отын үнемдеу жөніндегі бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін бағалау, қоршаған ортаны

қорғауға жауапты қызметкерлерді жыл сайын оқыту, уәкілетті органдағы тренингтерге, семинарларға және ҚР экологиялық заңнамасындағы өзгерістер бойынша ішкі корпоративтік оқытуға қатысу.

- **Климаттық тәуекелдер**

«АлЭС» АҚ климаттың өзгеруі мәселелеріне жауапкершілікпен қарайды және өндірілетін өнімнің көміртегі ізін біртіндеп төмендете отырып, парниктік газдар эмиссиясын қысқартуға бағытталған нақты шаралар қабылдайды.

Парниктік газдар шығарындыларын азайту «АлЭС» АҚ-ның Экологиялық саясатында айқындалған. 2025 жылы климат өзгерістерінің өндірістік қызметке теріс әсерін барынша азайтуға бағытталған іс-шаралар жүргізілді. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламаларына сәйкес іс-шаралар әзірленіп, жүргізілді, бұл парниктік газдар шығарындыларын 24,5 мың тоннаға азайтуға мүмкіндік берді.

Климаттық саясатты іске асыру үшін 2025 жылы нақты және әлеуетті климаттық тәуекелдер (физикалық және өтпелі тәуекелдерді қоса алғанда) айқындалды және бағаланды. Кестеде климаттық тәуекелдердің жіктемесі келтірілген.

1. Нақты климаттық тәуекелдер:

Тәуекел түрі	Климаттық тәуекел	Әсерінің сипаттамасы
Физикалық	Алматы қаласы мен Алматы облысында ең жоғары температураның жоғарылауы – жазғы ең жоғары температуралар	Өндірістік қуаттардың төмендеуі (өнім өндірудің төмендеуі/өндірістік жоспарлардың орындалмауы), ашық ауада және табиғи желдетілетін жабық үй-жайларда жұмыс істейтін персоналға әсері
Физикалық	Ылғалдылықтың артуы (қыста), жауын-шашын деңгейінің артуы, көктайғақтың пайда болуы	Негізгі және қосалқы жабдыққа, электрлік схемаларға, аспаптарға, автоматикаға коррозияның әсері, электр беру желілерінің үзілуі, ғимараттар мен құрылыстарды су шаюы
Физикалық	Қуаңшылық, белгілі бір кезеңдерде жауын-шашын мөлшерінің азаюы, жер асты суларының сарқылуы	Салқындату жүйелері мен күл үйінділерінің айнасын толтыру үшін жер үсті және жер асты суларының тапшылығы, СЭС-тің электр энергиясын өндіруі үшін Іле өзеніндегі және Үлкен Алматы көліндегі су деңгейінің төмендеуі
Физикалық	Қызметтің Іле өзені мен Қапшағай су қоймасының ихтиофаунасына ықтимал әсері	Балық қорғау құрылғыларын орнату қажеттілігі, өзендерді балықтандыру шығындары
Өтпелі	Ұлттық көміртекті реттеу және операциялық қызметтен парниктік газдар шығарындыларын квоталау	Нормативтік талаптарды сақтауға арналған қосымша шығындар, операциялық қызметке тыйым салу және/немесе оны шектеу тәуекелдері, айыппұл салыну тәуекелдері, парниктік газдар шығарындыларына арналған қосымша жетіспейтін квоталарды сатып алу қажеттілігімен байланысты тәуекелдер

2. Әлеуетті климаттық тәуекелдер:

Тәуекел түрі	Климаттық тәуекел	Әсерінің сипаттамасы
Физикалық	Жер сілкіністерінің жиілігі мен қарқындылығының артуы	Мүлікке және инфрақұрылымға залал, электрмен және жылумен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығындағы іркілістер, су мен отынның тұрақты берілмеуі
Өтпелі	Парниктік газдар шығарындыларын реттеу туралы заңнамадағы өзгерістерге байланысты операциялық шығыстардың артуы	Сатып алуға қосымша шығындар парниктік газдардың нормативтік шығарындыларын өтеу бойынша экологиялық заңнама талаптарын сақтау үшін квоталардың қосымша көлемі, парниктік газдар

		шығарындыларына және тұтастай алғанда елдің климаттық жауапкершілігіне қатысты құқықтық және реттеушілік шеңберлердің қатаңдатылуы. Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды сатып алуға жұмсалған шығындар қосылған жағдайда тарифтердің өсуінің, тиісінше әлеуметтік шиеленістің туындау қаупі
Өтпелі	Экологиялық заңнаманы бұзуға байланысты сот немесе төрелік даулары бойынша қолайсыз сот шешімдері	Анықталған бұзушылықтар үшін айыппұлдардың және/немесе қаржылық өтемақының төуекелдері. Сот талап-арыздарына арналған шығыстар
Өтпелі	Жел және күн электр станциялары сияқты шығарындылар деңгейі төмен технологияларға көшуге арналған шығындар	Жаңа технологиялар мен процестерді бейімдеуге/ендіруге арналған шығындар (көмірден газға көшу) – энергия өндіретін компаниялар төмен көміртекті технологияларға көшуге арналған шығындардың ұлғаю тәуекеліне тап болуы мүмкін.
Өтпелі	Мүдделі тараптардың шығарындылар деңгейін, сәйкесінше қоршаған ортаға әсерді де төмендету мақсатына алаңдаушылығы	Атмосфералық ауаға шығарындыларды, парниктік газдарды азайту жөніндегі жобалар іске асырылмаған жағдайда мүдделі жұртшылық тарапынан әлеуметтік шиеленіс пен наразылық туындау тәуекелдері (газдың орнына көмірмен генерациялау, газ тазарту қондырғыларының болмауы және т.б.)

Климаттық тәуекелдерді барынша азайту саясатын іске асыру мақсатында 2025 жылы табиғи газды жағатын БГҚ орнату арқылы Алматы 2-ЖЭО мен 3-ЖЭО-сын жаңғырту және қайта құру жобаларын іске асыру жалғастырылды.

«АлЭС» АҚ-ның климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару жөніндегі іс-қимылдарына жұмсалған шығындарды есепке алу

«АлЭС» АҚ климатқа бағдарланған шығындарды мынадай шеңберде есепке алады:

- ✓ экологиялық саясаттың;
- ✓ 2026-2060 жж. арналған Энергияға көшу бағдарламасының;
- ✓ өндірістік департаменттерді жаңғырту жөніндегі инвестициялық бағдарламаның;
- ✓ парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралардың (Scope 1);
- ✓ энергия тиімділігі мен су үнемдеу деңгейін арттырудың.

Шығындарды есепке алу екі бағыт бойынша жүзеге асырылады: климаттық тәуекелдерді басқару шығындары және климаттық мүмкіндіктерге инвестициялар.

Тәуекелдерді басқару шығындары шартты түрде былай бөлінеді:

- ✓ Бейімделу (тәуекелдер)

- негізгі және қосалқы жабдықты климаттық әсерлерден қорғау;
- өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз ету, жабдықтың ПӘК-ін арттыру, электр және жылу энергиясын кем өндіру тәуекелдерін азайту.

- ✓ Митигациялық (мүмкіндіктер)

- парниктік газдардың шығарындыларын азайту
- өндірістік процестердің тиімділігін арттыру
- көміртекті бейтараптыққа көшу, офсеттік бірліктерді алу.

Климаттық тәуекелдерді басқару жөніндегі шығындар

Тәуекел санаты	Іс-шаралар	Экономикалық тиімділік
Физикалық климаттық тәуекелдер (құрғақшылық, су тапшылығы, аптап ыстық)	ТЭЦ-тің салқындату жүйелерін жаңғырту, айналымды сумен жабдықтаудың үлесін арттыру	шығарындылар мен отын шығынын төмендету

Су ресурстарының тапшылығы	тұйық су айналымдарын енгізу, шығындарды азайту	су алуды азайту, айналымды сумен жабдықтаудың үлесін арттыру
Экстремалды ауа райы құбылыстары	инфрақұрылымның тұрақтылығын арттыру	жабдықтың инженерлік қорғанысы
Шығарындылар бойынша реттеушілік талаптардың артуы	экологиялық мониторинг, ESG бойынша есеп беру	Экологиялық тәуекелдерді азайту

Климаттық мүмкіндіктерді пайдалану жөніндегі шығындар

Мүмкіндік	Іс-шаралар	Экономикалық тиімділік
Энергия тиімділігін арттыру	турбиналарды, қазандықтарды және қосалқы жабдықты жаңғырту	жабдықтың ПӘК-ін арттыру
CO_2 (Scope 1) шығарындыларын азайту және CO2-ні ұстау жөніндегі жобаларды іске асыру	отынды жағудың неғұрлым тиімді технологияларына көшу және офсеттік жобаларды іске асыру	Офсеттік бірліктерді алу, жылыжай газдарының шығарындыларына қосымша квоталарды сатып алу шығындарын азайту
Гидроэнергетиканы дамыту	СЭС Каскады мен Қапшағай СЭС-ін жөндеу және жаңғырту	өндірістің су сыйымдылығын төмендету, ЖЭК есебінен электр энергиясын өндіру үлесін арттыру
Цифрландыру	энергоблоктарды басқаруды автоматтандыру	апаттылықты азайту, процестердің өзгеруіне жедел ден қою

2025 жылы «АлЭС» АҚ-ның климаттық тәуекелдерді барынша азайту шығындары 17,2 млрд. теңгені құрады. Оған негізгі және қосалқы жабдықты жөндеуге арналған шығындар, отынды, суды, энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізу, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі шығындар, биоәртүрлілікті қалпына келтіру (аумақтарды көгалдандыру және балықтандыру) жөніндегі іс-шараларды іске асыруға арналған шығындар кіреді.

- **Табиғи ресурстар мен энергияны тиімді пайдалану**

«АлЭС» АҚ табиғи және энергетикалық ресурстарды ұқыпты пайдалануға және өз қызметінің энергетикалық тиімділігін арттыруға ұмтылады. 2025 жылға арналған стратегиялық міндеттемелерге қол жеткізу үшін «АлЭС» АҚ-ның 1-ЖЭО, 2-ЖЭО, 3-ЖЭО, БЖК департаменттері Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі. Осы Жоспарда 2025 жылға арналған табиғи ресурстарды (су, табиғи газ және көмір) және энергияны үнемдеу жөніндегі мақсаттар белгіленген. 2025 жылдың қорытындысы бойынша мынадай іс-шаралар орындалды:

Энергияны үнемдеу

№ р/с	Іс-шараның атауы	2025 жылғы нақты инвестициялар (ҚҚС ескерілген), теңге	Іс-шараларды іске асырудан үнемдеудің нақты әсері	
			Энергетикалық ресурстың атауы	заттай түрде
1	ЖЭО-1-дегі ТГ-8-дің ПБ-2-сін жөндеу кезінде жез түтікшелерді ауыстыру.	53 450 000	Жылу энергиясы, Гкал	1 850
2	1-ЖЭО-ның ст.№8А ПЭ-270-150 қоректендіргіш электр сорғысын жөндеу кезінде ақаулы тораптарын ауыстыру.	30 640 000	Өзіндік мұқтаждарға арналған электр энергиясы, кВт*сағ	985 000

3	Станцияны тоқтату уақытына ЖЭО-1-дің өз мұқтажындағы 20 трансформаторды жұмыстан және резервтен шығару	0	Өз мұқтажына арналған электр энергиясы, кВт*сағ	155 000
4	БЖК құбыр желілерінің оқшауланбаған алаңішілік учаскелерін оқшаулау	0	Жылу энергиясы, Гкал	1 520
5	БЖК бекіткіш-реттегіш арматурасының тығызсыздығынан бу мен желілік судың ағуын жою	0	Жылу энергиясы, Гкал	40
6	Резервтік генератордың күштік трансформаторын жұмыстан шығару	0	Өзіндік мұқтаждарға арналған электр энергиясы, кВт*сағ	303 840
7	СЭС-1,2 күштік трансформаторларының тиімді жұмыс режимі	0	Өзіндік мұқтажға арналған электр энергиясы, кВт*сағ	18 000
8	ЛЛ шамдарын T8 iPower IPOL18WT8-1200 үлгісіндегі жарықдиодты шамдарға ауыстыру (ЖЭО-1, ЖЭО-2, АМЦ учаскелері)	2 600 000	Өзіндік мұқтаждарға арналған электр энергиясы, кВт*сағ	21 561
	Барлығы	**86 690 000**		

2025 жылдың нәтижелері бойынша 3 410 Гкал жылу энергиясы, 1 483 858 кВт*сағ электр энергиясы үнемделді.

Табиғи ресурстарды үнемдеу. Су

Р/с №	Іс-шараның атауы	2024 жылғы іс жүзіндегі инвестициялар (ҚҚС ескерілген), теңге	Іс-шараларды іске асыру нәтижесіндегі нақты үнем	
			Энергетикалық ресурстың атауы	заттай көріністе
1	ТЭЦ-1-де суды қайта пайдалану және үнемдеу	0	Су, м3	19 000
2	3-ЖЭО №1-6 бу қазандарының қаптамасы мен жылу оқшаулағышын жөндеу	41 600 000	Су, м3	487 500
3	БЖК бекіткіш-реттегіш арматурасының саңылауларынан бу мен желілік судың ағуын жою	0	Су, м3	500
	БАРЛЫҒЫ	**41 600 000**		**507 000**

2025 жылдың нәтижелері бойынша 507 000 м3 су ᵞнемделді.

Табиғи ресурстарды үнемдеу. Газ

№ р/с	Іс-шараның атауы	2024 жылғы нақты инвестициялар (ҚҚС ескерілген), теңге	Іс-шараларды іске асырудан үнемдеудің нақты әсері	
			Энергетикалық ресурстың атауы	заттай түрде
1	ТЭЦ-1-дің ст. №13 БКЗ-160-100Ф қазандық агрегатын жөндеу кезінде 4-ярустағы АЖ текшелерін ауыстыру	66 390 000	Табиғи газ, м3	394 730
2	1-ЖЭО-ның ст.№ 11 БКЗ-160-100Ф қазандық агрегатын жөндеу кезінде артқы экранды ауыстыру	86 460 000	Табиғи газ, м3	328 560

3	ТЭЦ-1 жабдығының режимдік баптауын жүргізу	0	табиғи газ, м3	591 760
4	2-ЖЭО - БЖК құбыржолдарының оқшауланбаған учаскелеріне оқшаулама орнату	0	Табиғи газ, м3	800 000
5	Қазандық агрегаттарының күрделі жөндеулерін жүргізу	1 250 000 000	Табиғи газ, м3	435 000
	Жиыны	**152 850 000**		**2 550 050**

2025 жылдың нәтижелері бойынша 2 550 050 м3 табиғи газ үнемделді.

Табиғи ресурстарды үнемдеу. Тас көмір және мазут.

№ р/с	Іс-шараның атауы	2024 жылғы нақты инвестициялар (ҚҚС есекерілген), теңге	Іс-шараларды іске асырудан алынған нақты үнем	
			Энергетикалық ресурстың атауы	заттай түрде
1	2-ЖЭО-ның №2 қазандық агрегатының АЖ аспалы кубтарын дайындап, ауыстырып жөндеу	210 070 202	Көмір, тонна	1 371,5
2	2-ЖЭО №5 қазандық агрегатының 1-сатылы ауа жылытқышын (жоғарғы ярус) және алдын ала қосылған ауа жылытқыштарын дайындап және ауыстырып жөндеу	231 115 608	Көмір, тонна	3536,8
3	ЖЭО-2 №6 қазандық агрегатының 1-сатылы ауа жылытқышын (жоғарғы ярус) дайындап және ауыстырып жөндеу	92 834 814	Көмір, тонна	1 007,1
4	№7 ЖЭО-2 қазан агрегатының 1-сатылы (төменгі қабат) ауа жылытқышын дайындап, ауыстырып жөндеу	89 029 754	Көмір, тонна	1 290,9
5	ЖЭО-2 №3 турбоагрегатының конденсаторының негізгі шоғының түтіктерін ауыстырумен жөндеу	353 439 383	Көмір, тонна	3 214,8
6	ЖЭО-2 №5 турбоагрегатының желілік көлденең-2300-3-8-1 жылытқышының жез құбырларын ауыстырып жөндеу	415 627 403	Көмір, тонна	1 333,5
7	КА №5 3-ЖЭО-ның ШБМ-5А редукторын ауыстыра отырып жөндеу	9 400 000	Мазут, тонна	21
8	КА №6 3-ЖЭО контурларының экрандық құбырларын дайындау және ауыстыру арқылы жөндеу	42 200 000	Көмір, тонна	410,3
	ЖИЫНЫ көмір	**1 443 717 164**		**12 164,8**
	ЖИЫНЫ мазут			**21,0**

2025 жылдың нәтижелері бойынша 12 164,8 тонна тас көмір, 21 тонна мазут үнемделді.

2024 жылы табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу жөніндегі іс-шараларға жұмсалған жалпы шығындар 1,8 млрд. теңгені құрады.

- **Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі қызметті басқару**

«АлЭС» АҚ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау мәселесінің маңыздылығын сезінеді, осыған байланысты биологиялық тепе-теңдікті сақтауға ықпал ету, сондай-ақ қоршаған ортаға ықтимал залалды өтеу жөніндегі міндеттемелерді өз мойнына алды. «АлЭС» АҚ өзінің өндірістік департаменттерін қайта жаңарту және жаңғырту жөніндегі барлық жобаларды экожүйеге теріс әсерді болдырмау қажеттілігін ескере отырып жоспарлайды, ал жобаларды іске асыру барысында табиғи объектілерге теріс әсер ету тәуекелдерін барынша азайтады. 2025 жылы «АлЭС» АҚ өндірістік департаменттері қызметінің осал экожүйелер мен биоәртүрлілікке елеулі тікелей немесе жанама әсері байқалған жоқ, өйткені 1-ЖЭО, 2-ЖЭО, 3-ЖЭО, БЖК, «Энергожөнде» ӨЖК урбандалған аумақтарда, өнеркәсіптік аймақта орналасқан, Каскад СЭС пен Қапшағай СЭС қызметі табиғи ортаға елеулі әсер етпейді, себебі өнім судың көмегімен

өндіріледі, ал ол процесс аяқталғаннан кейін нормативтік-таза күйінде су объектілеріне қайтарылады.

2025 жылы биоәртүрлілікке түсетін жүктемені азайту үшін өндірістік департаменттердің аумағын және санитариялық-қорғау аймақтарын көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар жүргізілді.

Өндірістік департамент	Саны, дана	Түрі/тұқымы	Отырғызу аумағы
ЖЭО-1	5 400	Өтемақылық отырғызу: аласа бойлы қарағаш – 5 400 дана.	Күл үйіндісінің аумағы
ЖЭО-2	5 400	Өтемдік отырғызу: жатаған қарағаш – 1 200 дана	Күл үйіндісінің аумағы
3-ЖЭО	1 590	Өтемдік отырғызу: қарағаш – 1 480 дана, бұта (көпіршікжеміс) – 110 дана.	Өнеркәсіптік алаң және күл үйіндісінің аумағы

Биоәртүрлілікті сақтау үшін «АлЭС» АҚ 2025 жылы тоқсан сайынғы негізде өндірістік кәсіпорындардың аумақтары мен санитариялық-қорғау аймақтарының шекарасында қоршаған ортаға эмиссияларға – атмосфералық ауаға шығарындыларға, су объектілеріне төгінділерге, қалдықтардың жинақталу және көму көлемдеріне, сондай-ақ қоршаған орта компоненттерінің сапасына – атмосфералық ауаға, жерүсті және жерасты суларына, топыраққа өндірістік-экологиялық бақылау жүргізді.

Биоәртүрлілікті сақтау мәселелері жөнінде ұйымдармен ынтымақтастық.

19.08.2025 ж. «АлЭС» АҚ HALYK BALYK ЖШС-мен су айдындарын балық отырғызу материалымен балықтандыру бойынша қызмет көрсетуге №1138145/2025/1 шарт жасасты. 23 қыркүйекте Алматы облысы әкімдігі өкілінің, балық шаруашылығы өндірістік орталығы өкілінің, «Qazaq balyk» республикалық балық шаруашылықтары мен акваөсіру қауымдастығы өкілінің қатысуымен Қапшағай су қоймасына салмағы әрқайсысы кемінде 20 грамм болатын 3 500 бір жасар сазан шабағы жіберілді.

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ



2025 жылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша қосымша іс-шараларды қоса алғанда, 25 іс-шара орындалды. Ақшалай баламадағы нақты тиімділік ҚҚС-пен 272,3 млн. теңгені құрады.

«АлЭС» АҚ көрсеткіштері	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
Энергия сыйымдылығы, қолданыстағы бағамен, ш.о.т./млн.теңге	24,7	18,3	16,5
Энергия сыйымдылығы, 2014 жылғы бағамен, ш.о.т./млн.теңге	43,9	41,8	42,8
2014ж. бағалардағы тауарлық өнімнің жалпы көлемі, млн. теңге	53 947,3	55 075,7	54 022,1
Тауарлы өнімнің қолданыстағы бағалардағы жалпы көлемі, млн. теңге	95 582,7	125 484,9	139 630,7
ОЭР-дің барлық түрлерінің жылдық тұтыну көлемі, т.ш.о.	2 368 663,8	2 305 937,6	2 314 068,7

Энергия сыйымдылығының шамасына әсер ететін негізгі факторлар: Іле өзені мен Үлкен Алматы көліне судың келіп құйылуының азаюы салдарынан су электр станциялары өндіретін электр энергиясының азаюы; Алматы қаласы мен Алматы өңірінің тұтынушыларын қамтамасыз ету мақсатында су электр станциялары өндіретін электр энергиясының төмендеуін өтеу үшін 2-ЖЭО мен 3-ЖЭО-ның электр энергиясын өндіруінің ұлғаюы болып табылады.

Сондай-ақ энергия үнемдеу, энергия тиімділігін арттыру және қолданыстағы өндірістерді жетілдіру мақсатында «АлЭС» АҚ-да «„Самрук-Энерго“ АҚ және оның ЕТҰ қызметкерлерінің идеяларымен және ұсыныстарымен жұмыс істеу жөніндегі қағидаларына» (СЭ-ПР-54/01) сәйкес рационализаторлық қызмет жүргізіледі. Бұл қағидалар қызметкерлердің идеялары мен ұсыныстарын берудің, қараудың, енгізудің бірыңғай әдістемелік және ұйымдастырушылық тәртібін, сондай-ақ Авторларды материалдық және басқа да сыйақы түрлерімен марапаттау тетігін белгілейді.

Қағидалар Қоғам қызметкерлерінің шығармашылық әлеуетін неғұрлым толық пайдалану үшін идеяларды басқару процесі шеңберінде үздіксіз жақсарту мәдениетін және қолданыстағы өндірістерді жетілдіру, жаңа техникалық шешімдерді енгізу,

ұйымдастырушылық және әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу бойынша бірыңғай тәсілдер мен қағидаттарды қалыптастыруға бағытталған.

2025 жылы «АлЭС» АҚ-да 19 рационализаторлық ұсыныс берілді, олардың 15-і мақұлданды, сондай-ақ 2025 жылы 8 ұсыныс іске асырылды.

КАДР САЯСАТЫ

Жалғыз акционердің 2023 жылғы 28 шілдедегі шешімімен білікті персоналға деген ағымдағы және перспективалық қажеттілікті қамтамасыз етуге, адам капиталын дамытуға, персоналды басқару тиімділігін арттыруға, жұмыс беруші брендін нығайтуға және қызметкерлердің кәсіби және мансаптық өсуі үшін жағдай жасауға бағытталған «Самрук-Энерго» АҚ-ның 2023–2031 жылдарға арналған Кадр саясаты бекітілді.

Кадр саясатын іске асыру шеңберінде «АлЭС» АҚ ішкі таланттарды ұстап қалу және жоғары білікті кадрларды тарту бойынша шаралар кешенін жүзеге асырады, оған кадр резерві мен сабақтастық бағдарламасын дамыту, персоналды үздіксіз оқыту, жалақыны индекстеу, қызметкерлерге әлеуметтік жеңілдіктер мен материалдық қолдау көрсету кіреді.

Персоналды басқарудың негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, адам	3 011	2 971	3 013
Еңбекақы төлеу қоры, мың теңге	17 449 287	20 380 946	24 112 120
Орташа айлық жалақы, теңге	480 646	567 123	666 891
Оқытудан өткен қызметкерлердің үлесі, %	103,0	103,6	100,0
Бір қызметкерді оқытуға жұмсалатын шығыстар, мың теңге	35,3	44,5	80,0
ЕТҚ-дан персоналды дамытуға арналған шығыстар, %	0,63	0,67	1,04

Адам капиталын дамыту саласындағы сандық мақсаттар мен нәтижелер

Адам капиталын дамыту «АлЭС» АҚ-ның тұрақты дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады. Есепті жылы Қоғам қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, кадрлық әлеуетті дамытуға және ұжымдағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға бағытталған іс-шараларды іске асыруды жалғастырды.

Адам капиталын дамыту саласындағы сандық мақсаттар корпоративтік басқару және тиімділікті басқару жүйесіне біріктірілген, сондай-ақ оқыту, еңбекті қорғау, әлеуметтік қолдау және персоналды дамыту бағдарламаларын іске асыру кезінде ескеріледі. 2025

жылдың қорытындысы бойынша Қоғам білікті кадрлық құрамды сақтауға, қызметкерлердің құзыреттілік деңгейін арттыруға және қауіпсіздік мәдениетін дамытуға бағытталған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етті.

Бағыт	Сандық көрсеткіш	2025 жылғы нәтиже
Персоналдың құзыреттерін дамыту	Комплаенс мәселелері бойынша оқытудан өткен қызметкерлердің саны	2 423 адам
Өндірістік қауіпсіздік	Нөлдік жарақаттануға қол жеткізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру	Іс-шаралар толық көлемде орындалды
Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	Жыл сайынғы еңбек демалысына материалдық көмек алған қызметкерлер	2 904 адам
Қызметкерлердің отбасыларын қолдау	Мектеп жабдықтары құнының өтемақысын алған қызметкерлердің балалары	622 бала
Балалар демалысын ұйымдастыру	«Эдельвейс» лагеріне жолдамалар құнының өтемақысын алған қызметкерлердің балалары мен немерелері	295 адам
Қызметкерлердің тұрғын үй жағдайын қолдау	Тұрғын үй бағдарламасы шеңберінде тұрғын үймен қамтамасыз етілген қызметкерлер	38 адам
Қоғам ардагерлерін қолдау	Мерекелік күндерге біржолғы төлемдер алған зейнеткерлер	1 733 адам

2025 жылы «АлЭС» АҚ қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, қауіпсіздік мәдениетін дамытуға, персоналды әлеуметтік қолдауға және кадрлық әлеуетті нығайтуға ерекше назар аудара отырып, адам капиталын дамыту бойынша жүйелі жұмысты жалғастырды. Іске асырылатын іс-шаралар қызметкерлердің тартылуын арттыруға, ұжымдағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және Қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

КАДРЛАРДЫ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ПЕРСОНАЛДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Электр энергетикасы саласының ерекшелігі энергетикалық объектілерді қауіпсіз, сенімді және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін персоналды тұрақты даярлауды

және қайта даярлауды талап етеді. Персоналды дамыту Қоғамның кадр саясатының негізгі бағыттарының бірі және білікті қызметкерлерді ұстап қалудың маңызды құралы болып табылады.

Оқытуды үйлестіруді қызметкерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды және қауіпті өндірістік объектілер персоналын міндетті оқытуды қамтамасыз ететін Қызметкерлерді дайындау бөлімі жүзеге асырады.





Сабақтастық бағдарламасының маңызды элементі сала ардагерлері мен Қоғамның бұрынғы қызметкерлерін оқытушылар және тәлімгерлер ретінде тарту болып табылады. Кәсіби тәжірибені беру бірегей өндірістік құзыреттерді сақтауға ықпал етеді және жас мамандардың бейімделуін жеделдетеді.

Персоналды кәсіптік оқыту

Қызметкерлер санаты	2023, адам	2023, млн теңге	2024, адам	2024, млн теңге	2025, адам	2025, млн теңге
Жұмысшылар	2 379	24,1	2 458	44,8	2 032	82,7
ИТҚ және мамандар	716	82,8	620	90,2	1 070	164,8
Жоғары оқу орындары мен колледждерде оқитын қызметкерлер	15	2,5	8	1,9	12	4,7
Барлығы	**3 095**	**109,4**	**3 078**	**136,9**	**3 114**	**252,2**

2025 жылы персоналды оқыту кәсіптік, басқарушылық және салалық құзыреттерді дамытуға бағытталды.





2025 жылғы оқытудың негізгі бағыттары ЖАС МАМАНДАРДЫ ДАМЫТУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Мамандандырылған оқыту	Кәсіптік даярлау
Персоналды БГҚ-да (Omnivise T3000) жұмыс істеуге даярлау	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау
IOSH және NEBOSH халықаралық сертификаттары	Өнеркәсіптік қауіпсіздік
Дефектоскопшыларды сертификаттау	Газбен кесушілерді және дәнекерлеушілерді даярлау
Еңбек қауіпсіздігі мәдениетін арттыру	Жүргізушілерді қауіпсіз жүргізуге даярлау
Жасанды интеллект	Қауіпті жүктерді тасымалдау
IPMA стандарттары бойынша жобаларды басқару	Алғашқы медициналық көмек көрсету
Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі	Биіктіктегі жұмыстар
MBA бағдарламасы	Жедел персоналды негізгі жұмысшы мамандықтары бойынша даярлау
ESG және циркулярлық экономика	Өндірістен қол үзбей өндірістік-техникалық оқыту

Болашақ мамандарды тарту бағыттарының бірі жоғары оқу орындарымен, колледждермен және мектептермен ынтымақтастық болып табылады.

2025 жылғы жастармен жұмыстың нәтижелері

Көрсеткіш	Мәні
Өндірістік практикадан өткен студенттер	270
Дуалды оқытудан өткен АЭжБУ студенттері	5
Генуя университетіне (Италия) тағылымдамаға жіберілген студенттер	4

Көрсеткіш	Мәні
Өндірістік экскурсияларға қатысушылар	274





Қоғамның бөлімшелерінде Алматы энергетика және байланыс университетінің, ALT университетінің, ҚБТУ-дың, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, К.И. Сатпаева атындағы ҚазҰТЗУ-дың, Алматы энергетика және электрондық технологиялар колледжінің және басқа да оқу орындарының студенттері практикадан және тағылымдамадан өтті.

Жыл ішінде сондай-ақ студенттер, оқытушылар мен оқушылар үшін өндірістік экскурсиялар өткізілді, ал қызметкерлердің балалары 2-ЖЭО мен 3-ЖЭО-да «Ашық есіктер» бағдарламасына қатысты.





МАНСАПТЫ ДАМЫТУ, КАДР РЕЗЕРВІ ЖӘНЕ ІЗБАСАРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ішкі таланттарды ұстап қалу және негізгі лауазымдардың ізбасарлығын қамтамасыз ету мақсатында Қоғамда объективтілік, тең мүмкіндіктер, ашықтық және әділдік қағидаттарында қалыптастырылатын кадр резерві жұмыс істейді.

2025 жылғы 26 желтоқсанда «АлЭС» АҚ кадр резервіне қатысушылардың Директорлар кеңесінің мүшелерімен дәстүрлі онлайн-кездесуі өтті. 2014 жылдан бері іске асырылып келе жатқан өзара іс-қимылдың бұл форматы Басшылық пен перспективалы қызметкерлер арасындағы ашық диалогқа, тәжірибе алмасуға және Компанияның стратегиялық міндеттерін талқылауға ықпал етеді. Кездесу барысында тұтынушыларды сенімді және үздіксіз жылумен және электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін персоналды оқыту мен дамыту, ішкі таланттарды ұстап қалу, жоғары білікті мамандарды тарту және кадр резервін дамыту бойынша жүйелі жұмыстың маңыздылығы атап өтілді. Жаңғыртудың ауқымды жобаларын іске асыру қызметкерлерден жоғары кәсібилікті, бастамашылдықты және орнықты даму қағидаттарына бейілділікті талап ететіні атап өтілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша кадр резервінде 247 қызметкер болды, олардың ішінде 14 резервші жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалды. Бұған қоса, кадр резервінің 97 қызметкері даму бағдарламалары бойынша оқудан өтті.

2025 жылы кадр резервін дамыту

Көрсеткіш	Мәні
Кадр резерві қызметкерлері	247
Жоғары тұрған лауазымдарға көтерілді	14
Оқытудан өтті	97



Кадр резервін оқытудың негізгі бағыттары

Басқарушылық құзыреттер	Кәсіби құзыреттер
Жанжалдарды басқару	Жоғары оқу орындарында және колледждерде оқу
Көшбасшылықтағы эмоционалды интеллект, команданы басқару	IPMA жобаларды басқару
«АлЭС» АҚ жастар форумы - Көшбасшылық	Келісу комиссиясының мүшелерін оқыту
Презентация дағдыларын дамыту	Гендерлік теңдік және әйелдер көшбасшылығы
	Жасанды интеллект
	Еңбек қауіпсіздігі мәдениетін арттыру

ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ПЕРСОНАЛДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ

Персоналды ұстап қалудың негізгі құралдарының бірі – бәсекеге қабілетті еңбекке ақы төлеу жүйесі.

Қоғамда еңбекке ақы төлеудің екі негізгі нысаны қолданылады: кесімді және мерзімді.

Кесімді нысан негізгі және қосалқы энергетикалық жабдықтың жөндеуін және техникалық қызмет көрсетуін тікелей қамтамасыз ететін «Энергожөнде» ӨЖК департаменті персоналының еңбегіне ақы төлеу үшін қолданылады (≈ 770 адам).

Мерзімді нысан Қоғам персоналының барлық басқа санаттарының еңбегіне ақы төлеу үшін қолданылады (≈ 2 200 адам).

Еңбекке ақы төлеу туралы ережеге және Ұжымдық шартқа сәйкес жыл сайын тарифтік мөлшерлемелер мен лауазымдық жалақыларға индекстеу жүргізіледі.

2025 жылы қызметкерлердің жалақысы индекстелді:

- 1 қаңтардан бастап – 6,5%-ға;
- 1 маусымнан бастап – қосымша 7%-ға.

Индекстеудің жиынтық мөлшері 13,96%-ды **құрады**.

2-разрядты жұмысшының ең төменгі тарифтік мөлшерлемесі 160 **900 теңгені** құрады, **бұл елде** белгіленген ең төменгі жалақыдан (85 000 теңге) 89,2%-ға жоғары.

Орташа айлық жалақы

Көрсеткіштердің атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
Орташа айлық жалақы – барлығы, оның ішінде	**480 646**	**567 123**	**660 392**
әйелдер	454 149	534 281	625 145
ерлер	486 450	574 123	667 916
Жалақыдағы гендерлік алшақтық	6,6%	6,9%	6,4%
Әкімшілік персонал - барлығы, оның ішінде:	**730 928**	**894 931**	**1 038 347**
әйелдер	626 262	708 871	902 331
ерлер	955 847	1 267 052	1 285 894
Еңбекақыдағы гендерлік алшақтық	34,4%	44%	29,8%
Өндірістік персонал – барлығы, оның ішінде:	**467 708**	**550 790**	**641 837**
әйелдер	414 641	495 936	567 687
ерлер	477 345	560 564	655 216
Жалақыдағы гендерлік алшақтық	13,1%	11,5%	13,4

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

«АлЭС» АҚ Ұжымдық шартқа сәйкес қызметкерлерге әлеуметтік кепілдіктер мен қолдау шараларының кең ауқымын қамтамасыз етеді. Компанияның әлеуметтік саясаты қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің әл-ауқатын арттыруға, персоналдың әлеуметтік қорғалуын нығайтуға және қызметкерлерді еңбек қызметінің түрлі кезеңдерінде, оның ішінде зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі кезеңде де қолдауға бағытталған.

Әлеуметтік қолдаудың негізгі түрлері

Баланың тууына байланысты материалдық көмек

Қызметкерлердің мерейтойларына орай төлемдер

Еңбек демалысы берілгенде сауықтыруға арналған біржолғы жәрдемақы

Қызметкердің немесе жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты материалдық көмек

Төтенше жағдайлар мен форс-мажорлық жағдайлар кезіндегі көмек

Зиянды еңбек жағдайларындағы жұмыс үшін қосымша демалыс

Мүгедектігі бойынша қосымша демалыс

Зейнеткерлікке шығу кезіндегі өтемақы төлемдері

Зейнеткерлікке шыққан бұрынғы қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

Қызметкерлерді сауықтыру, олардың демалысы және отбасыларын қолдаудың корпоративтік бағдарламалары

ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ

Адам капиталын басқару көрсеткіштерін ашу шеңберінде Қоғам жұмыстан босату негіздері бойынша кадрлар тұрақтамауына мониторинг жүргізеді.

Негіздері бойынша кадрлар тұрақтамауы

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Жұмыстан босатылған қызметкерлер, адам	347	384	403
Қызметкердің бастамасы бойынша	341	373	399
Тараптардың келісімі бойынша	0*	0*	0*
Қызметкердің кінәсінен	6	11	4
Кадрлардың тұрақтамауы, %	11,0	12,5	13,0

Ақпарат есепке алу деректерінде жоқ және статистика болған жағдайда қосымша ашып көрсетілуі мүмкін.

2025 жылы жұмыстан босатулардың негізгі үлесін (99%) қызметкерлердің бастамасы бойынша жұмыстан босатулар құрады. Қызметкерлердің кінәсінен жұмыстан босату үлесі 1%-дан аз болды. Кадрлар тұрақтамауын төмендету үшін Қоғам кадр резервін дамыту, персоналды оқыту, уәждеу жүйесін жетілдіру, жалақыны индекстеу, әлеуметтік кепілдіктерді кеңейту және жұмыс берушінің брендін нығайту жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастыруда.

ПЕРСОНАЛДЫҢ ТАРТЫЛУШЫЛЫҚ ИНДЕКСТЕРІ





«Самрук-Қазына» АҚ-ның Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы «АлЭС» АҚ-ның 2025 жылғы Әлеуметтік тұрақтылық индексін және Әл-ауқат индексін анықтау жөніндегі зерттеудің қорытындыларын ұсынды. Өндірістік персоналдың әлеуметтік тұрақтылық индексіне 398 адам қатысты.

Сауалнамаға қатысқан персоналдың жалпы саны 445 адамды құрады. Дина нақтылайды.

Сауалнама қорытындысы бойынша:

	Өндірістік персоналдың әлеуметтік тұрақтылық индексі	Әкімшілік-басқарушы персоналдың әл-ауқат индексі
2025 ж.	68%	**45%**
2024 ж.	65%	43%
2023 ж.	56%	58%

Зерттеу нәтижелері бойынша «АлЭС» АҚ персоналының әлеуметтік тұрақтылығы мен әл-ауқатының деңгейін арттыру жөніндегі 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді.

Жоспарда қызметтің келесі негізгі бағыттары бойынша іс-шаралар қамтылған: «Еңбекке ақы төлеу және уәждеу», «Персоналды оқыту және дамыту», «Денсаулықты қорғау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы».

ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІН ЖАЛҒАСТЫРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ ЖӘНЕ МАНСАПТЫҢ АЯҚТАЛУЫН БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

«АлЭС» АҚ еңбек қызметінің түрлі кезеңдерінде қызметкерлерді қолдау шараларын іске асырады, оларға кәсіби даму, мансаптық ауысуларды сүйемелдеу және зейнеткерлік жастағы қызметкерлерді қолдау кіреді.

«Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, Алматы 2-ЖЭО-сын жаңғырту» жобасы шеңберінде жаңа технологиялардың енгізілуін және өндірістік процестердің өзгеруін ескере отырып, персоналды қайта даярлау және оның біліктілігін арттыру жүргізіледі.

Қоғамда жас мамандарға кәсіби тәжірибе беруге және құзыреттер сабақтастығын сақтауға бағытталған тәлімгерлік бағдарламалары жұмыс істейді.

Еңбек қызметін тоқтату туралы шешім қабылдайтын қызметкерлер үшін жұмыстан шығу себептерін анықтауға, баламалы шешімдерді қарауға және соның ішінде «QSamruk» корпоративтік платформасы мен «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы арқылы одан әрі жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге бағытталған консультациялар мен сұхбаттар жүргізіледі.

Ұжымдық шартқа сәйкес қызметкерлерге зейнеткерлікке шыққан кезде үш лауазымдық жалақы (еңбекақының тұрақты және ауыспалы бөліктері) мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

Қоғам сондай-ақ кәсіби тәжірибені жеткізу және корпоративтік құзыреттерді сақтау мақсатында зейнеткерлік жастағы бұрынғы қызметкерлерді тәлімгерлікке және персоналды оқытуға тарта отырып, олармен өзара іс-қимылды жалғастырады.

Кәсіпорыннан зейнеткерлікке шыққан бұрынғы қызметкерлер үшін материалдық қолдау шаралары қарастырылған, оның ішінде ауыр материалдық жағдайға, емделуге және өзге де әлеуметтік маңызы бар мән-жайларға байланысты көмек көрсету де бар.

КАДРЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ ЖҰМЫС ОРТАСЫН ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР МЕН БАСТАМАЛАР

«АлЭС» АҚ қызметкерлерді жалдау, оқыту, дамыту және ілгерілету кезінде тең мүмкіндіктер, кемсітушілікке жол бермеу және әртүрлілікті құрметтеу қағидаттарын ұстанады. Персоналды іріктеу үміткерлердің жынысына, жасына, ұлтына, денсаулық жағдайына және іскерлік қасиеттеріне байланысты емес өзге де мән-жайларға қарамастан, кәсіби құзыреттері, біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі негізінде жүзеге асырылады.

Кадрлық әртүрлілікті қамтамасыз ету үшін Қоғам QSamruk платформасын қоса алғанда, ашық алаңдарда бос жұмыс орындарын орналастырады, жоғары оқу орындарымен және колледждермен ынтымақтастық жасау арқылы жас мамандарды тартады, жаңа қызметкерлерді бейімдеу үшін өндірістік практиканы, тағылымдамаларды және тәлімгерлік бағдарламаларын ұйымдастырады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша персоналдың гендерлік құрылымы төмендегідей болды:

Санат	Саны	Үлесі, %
Ерлер	2 529	81
Әйелдер	592	19
Барлығы	**3 121**	**100**

Қоғам қызметкерлердің кәсіби және мансаптық дамуы үшін тең мүмкіндіктерді қолдайды. Басшылық құрамдағы әйелдердің үлесі 22%-ды құрады.

Басшылық құрам	Ерлер	Әйелдер
Үлес, %	78	22

Персоналдың жас құрылымы түрлі буын қызметкерлерінің теңгерімді болуын көрсетеді және кәсіби тәжірибе сабақтастығының сақталуына ықпал етеді.

Жас тобы	Қызметкерлер саны	Үлесі, %
30 жасқа дейін	476	15
30-дан 50 жасқа дейін	1 646	53
50 жастан асқан	999	32
Барлығы	**3 121**	**100**

«АлЭС» АҚ сондай-ақ инклюзивті жұмыс ортасын дамытуға және жұмысқа орналасуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге көңіл бөледі. Есепті жылда Қоғам мүгедектігі бар қызметкерлерді жұмысқа орналастыру және олардың кәсіби қызметі үшін жағдайлар жасау тәжірибесін жалғастырды.

Көрсеткіш	Мәні
Есепті жылы қабылданған мүгедектігі бар қызметкерлер	8 адам
Жыл соңындағы мүгедектігі бар қызметкерлердің саны	34 адам
Мүгедектігі бар қызметкерлердің персоналдың жалпы санындағы үлесі	1,08%

Барлық қызметкерлерге жынысына, жасына және өзге де жеке ерекшеліктеріне қарамастан оқу, біліктілігін арттыру, кадр резервіне қатысу және кәсіби даму үшін теңдей мүмкіндіктер беріледі.

2025 ЖЫЛДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2025 жылы «АлЭС» АҚ қызметкерлерді және олардың отбасы мүшелерін қолдауға, корпоративтік мәдениетті, қайырымдылықты, волонтерлікті дамытуға және жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасауға бағытталған әлеуметтік бастамаларды іске асыруды жалғастырды. Іске асырылып жатқан бағдарламалар персоналдың әлеуметтік қорғалуын нығайтуға, корпоративтік құндылықтарды дамытуға және қызметкерлердің өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қызметкерлерді, зейнеткерлерді және олардың отбасы мүшелерін қолдау

Есепті жылы Компания әлеуметтік кепілдіктер мен қолдау шараларының кең ауқымын қамтамасыз етті:

Бағдарламаның атауы	Нәтиже
Мереке күндеріне орай зейнеткерлерге біржолғы төлемдер	1 239 зейнеткер
Қиын өмірлік жағдайларда зейнеткерлерге материалдық көмек	40 жағдай
Жерлеу рәсімдеріне материалдық көмек	37 жағдай
Жыл сайынғы еңбек демалысына материалдық көмек	2 904 қызметкер
Зейнеткерлікке шыққан кездегі өтемақы төлемдері	59 қызметкер
Мектеп құрал-жарақтарының құнын өтеу	622 бала
«Эдельвейс» лагеріне жолдамалардың құнын өтеу	295 қызметкер баласы мен немересі
Тегін ыстық тамақ	шамамен 2 900 қызметкер
Тұрғын үй бағдарламасы	38 қызметкер пәтер алды
Еңбек заңнамасында және Ұжымдық шартта көзделген жағдайларда жұмыстан босату кезіндегі төлемдер	қолданыстағы нормаларға сәйкес жүзеге асырылды
Қызметкерлерге өзге өтемақы төлемдері мен материалдық көмек	Ұжымдық шартқа сәйкес берілді

2025 жылдың маңызды оқиғасы әлеуметтік кепілдіктерді кеңейтуді, материалдық көмектің жекелеген түрлерін ұлғайтуды, балалары бар отбасылар мен мүгедектігі бар балаларды қолдаудың қосымша шараларын, сондай-ақ еңбекті қорғау және қауіпсіздік жүйесін одан әрі жетілдіруді көздейтін 2025–2028 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа қол қою болды.





Есепті жылдағы неғұрлым маңызды әлеуметтік бастамалардың ішінде Қоғам қызметкерлеріне арналған тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бағдарламасын енгізуді және тұрғын үй бағдарламасын іске асыруды атап өту қажет. «АлЭС» АҚ өндірістік бөлімшелерінің 2 900-ге жуық қызметкері тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді, бұл еңбек жағдайларын жақсартуға, қызметкерлердің денсаулығын нығайтуға және олардың әлауқатын арттыруға бағытталған персоналды әлеуметтік қолдаудың ірі шараларының бірі болды.





Қызметкерлердің әлеуметтік тұрақтылығы мен өмір сүру сапасын арттыруға қосқан маңызды үлес сондай-ақ тұрғын үй бағдарламасы болды, оның шеңберінде «АлЭС» АҚ-ның 38 қызметкері пәтер алды. Компанияның тұрғын үй сатып алуға салған инвестицияларының жалпы көлемі 1 млрд теңгеге жуықты құрады. Осы жобалардың іске асырылуы «АлЭС» АҚ-ның әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын ұстанатынын және қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері үшін қолайлы жағдайлар жасауға бейілділігін растайды.







Қайырымдылық және волонтерлік

Әлеуметтік бастамаларды іске асыруға «Жарқын Болашақ» жастар ұйымы елеулі үлес қосты.

Жыл ішінде келесі жобалар іске асырылды:

Қайырымдылық бастамалар	Нәтиже
Қызметкерлердің ерекше қажеттілігі бар балаларын қолдау	44 бала
Балаларды қорғау күніне орай қайырымдылық акциясы	Көпбалалы отбасыдағы 107 бала
Лейкозбен ауырған балаға арналған донорлық акция	100-ден астам қызметкер
Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне көмек	15 бала
Коммуналдық қызметтердің қызметкерлеріне қолдау	30 адам
Кәсіпорын ардагерлерін құттықтау	9 ардагер

Жаңа жылдық қайырымдылық акциясы	125 бала

Жаңа жыл қарсаңында Компания қызметкерлері «Жігер» орталығы мен Ерте жастағы балаларды оңалту орталығының тәрбиеленушілері үшін қайырымдылық қаражатын жинауды ұйымдастырды. Акцияның қорытындысы бойынша 1,12 млн теңге жиналды, жаңажылдық сыйлықтарды 125 бала алды.



«Тәлімгер» жобасы шеңберінде ЖЭО-2-нің өндірістік департаментіне жетім бала жұмысқа орналастырылды.

Балалар мен жастарды дамыту

«АлЭС» АҚ қызметкерлердің балаларын қолдауға және жастар арасында инженерлік мамандықтарды насихаттауға ерекше назар аударады.

2025 жылы өндірістік объектілерге экскурсиялар, ашық есік күндері және оқушылар мен студенттерге арналған білім беру іс-шаралары өткізілді. «Школьные послы» жобасы шеңберінде «Эдельвейс» балалар лагерінде алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту сабақтары, кәсіптік бағдар беру кездесулері және интерактивті іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жыл қорытындысы бойынша:

- Қызметкерлердің 295 баласы мен немересі «Эдельвейс» лагерінде демалды;
- 171 бала балалар суреті байқауына қатысты;
- оқушылар мен студенттер үшін ашық есік күндері және өндірістік экскурсиялар өткізілді;
- 9 студент «АлЭС» АҚ білім гранттарының иегері атанды.

Корпоративтік мәдениет және қызметкерлердің атсалысуы

2025 жылы Компания құрмет, өзара көмек және командалық өзара іс-қимыл қағидаттарына негізделген корпоративтік мәдениетті дамытуды жалғастырды.

480-ге жуық қызметкер әйелді біріктіретін «АлЭС» АҚ Әйелдер клубы қаржылық сауаттылық, көшбасшылық құзыреттерді дамыту, гендерлік теңдік және жеке тұлғалық өсу бойынша іс-шараларды іске асырды. Компания өкілдері KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының VII Форумына және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының Жұмысшы мамандықтарындағы әйелдер форумына қатысты.





Жылдың негізгі корпоративтік іс-шаралары:

- «Әйелдер әйелдер үшін» жобасы;
- Наурызды корпоративтік мерекелеу;
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының корпоративтік КВН фестивалі;
- балалар суреті байқауы;
- «Қадам энергиясы» корпоративтік челленджі.





Спорт және салауатты өмір салты

«АлЭС» АҚ спорттық мәдениет пен салауатты өмір салтының дамуын белсенді қолдайды.

Есепті жылы:

- 200-ден астам қызметкерді біріктірген «АлЭС» АҚ-ның 10-шы мерейтойлық Спартакиадасы өткізілді;
- Компания спортшылары 201 медаль және 57 грамота жеңіп алды;
- «АлЭС» АҚ құрамасы «Самрук-Энерго» АҚ компаниялар тобының Спартакиадасында 2-ші жалпыкомандалық орынды иеленді;
- қызметкерлер Almaty Half Marathon, Almaty Marathon және Samruk Charity Marathon жарыстарына қатысты;
- Б. Оразбаев ат. 1-ЖЭО-ның 90 жылдығына арналған Спартакиада өткізілді.





Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл

«АлЭС» АҚ жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл және қоғамдық ұйымдармен әріптестікті дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастырды.

2025 жылы Компания:

- инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері бойынша халықпен және жұртшылықпен бірқатар ашық кездесулер өткізді;
- «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының әлеуметтік бағдарламаларына қатысу мәселелері бойынша Алматы және Алматы облысының 500-ге жуық коммерциялық емес ұйымдарына ақпараттық қолдау көрсетті;
- қызметін жүргізетін өңірлерде білім беру және әлеуметтік жобалардың дамуына жәрдемдесті.

Жүзеге асырылатын бастамалар мүдделі тараптардың сенімінің нығаюына және жергілікті қоғамдастықтармен тұрақты қарым-қатынастардың дамуына ықпал етеді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ТҮРІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

Категория	Іс-шара	Қамту	Жұмыс уақыты, адам-сағат
Волонтерлік	Ерекше қажеттіліктері бар қызметкерлердің балаларын қолдау	44 бала	120
	Балаларды қорғау күніне орай қайырымдылық акциясы	Көпбалалы отбасылардан 107 бала	160
	Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне көмек	15 бала	160
	Бұрынғы қызметкерлер – зейнеткерлерді қолдау	30 адам	160
	Кәсіпорын ардагерлерін құттықтау	9 ардагер	20
	Жаңажылдық қайырымдылық акция	125 бала	160
	Лейкозға шалдыққан баланы қолдау донорлық акциясы	«АлЭС» АҚ қызметкерлері	200
Волонтерлік бойынша жиыны			**980**
Білім беру жобалары	Студенттерге және басқа ұйымдардың өкілдеріне арналған өндірістік экскурсиялар	274 адам	1 680
Білім беру жобалары бойынша барлығы			**1 680**
Экологиялық бастамалар	Аумақты көгалдандыру және ағаш отырғызу	«АлЭС» АҚ-ның қызметкерлері	800
	«Тазарту күні» (сенбіліктер)	«АлЭС» АҚ-ның қызметкерлері	400
Экологиялық бастамалар бойынша жиыны			**1 200**
Барлығы			**3 860**

2025 жылы қоғамдық маңызы бар бастамаларды іске асыруға бағытталған «АлЭС» АҚ қызметкерлерінің жұмыс уақытының жалпы көлемі 3 **860 адам-сағатты** құрады. Негізгі үлес білім беру жобаларына (1 680 **адам-сағат),** экологиялық бастамаларға (1 **200 адам-сағат)** және волонтерлік қызметке (980 **адам-сағат)** тиесілі.

Есепті жылы Қоғам қызметкерлері қайырымдылық және донорлық акцияларға, балаларға, зейнеткерлер мен ардагерлерге қолдау көрсетуге, студенттерге арналған өндірістік экскурсияларды өткізуге, сондай-ақ аумақтарды көгалдандыру және қоршаған ортаны абаттандыру жөніндегі экологиялық іс-шараларға қатысты.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Қызметкерлердің қауіпсіздігі – «АлЭС» АҚ-ның негізгі басымдықтарының бірі және Компанияның орнықты даму жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызмет өндірістік жарақаттанушылықтың, кәсіптік аурулардың және авариялық жағдайлардың алдын алуға, қауіпсіздік мәдениетін дамытуға, өндірістік тәуекелдерді азайтуға және қызметкерлер мен мердігер ұйымдар үшін еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғамда тәуекелге бағдарланған тәсілге және нөлдік жарақаттанушылық қағидатына негізделген ұйымдастырушылық, техникалық және профилактикалық іс-шаралар кешені іске асырылады.

2025 жылы «АлЭС» АҚ еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етті. Есепті кезеңде Қоғамда өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулар тіркелген жоқ. Өндірістік жарақаттанушылық, кәсіптік аурулар және жоғалтылған күндер коэффициенттері 0-ді құрады, бұл еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іске асырылатын шаралардың тиімділігін растайды.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ ПЕН КӘСІПТІК АУРУЛАРДЫҢ ДЕҢГЕЙІ

Көрсеткіштер	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
Жұмыс істелген сағаттардың жалпы саны	5198,6 мың сағат	5226,2 мың сағат	5269,2 мың сағат
Жарақаттардың жалпы саны	1	2	0
Өндірістік жарақаттану коэффициенті (ӨЖК)	0,1924	0,382	0
Кәсіптік аурулардың жалпы саны	0	0	0
Кәсіптік аурулар коэффициенті (КАК)	0	0	0
Жоғалтылған күндердің жалпы саны	64	93	0
Жоғалтылған күндер коэффициенті (ЖКК)	0,101	0,146	0
Жіберілген күндердің жалпы саны	34 963	26 977	36 732
Жұмыс істелген күндердің жалпы саны	634 508	635 166	637 278
Жұмыс орнында болмау коэффициенті (ЖОБК)	0,055	0,042	0
Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардың саны	0	1	0

Ескертпе: толығырақ ақпаратпен Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында танысуға болады: , бөлім – Орнықты даму – Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

ӨНДІРІСТЕГІ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

Қоғам профилактика жүргізу, өндірістік жабдықтар мен технологиялық процестерді неғұрлым қауіпсіздеріне ауыстыру арқылы жұмыс орындарындағы және технологиялық процестердегі кез келген тәуекелдердің алдын алу бойынша барлық шараларды қабылдайды. Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытуды және даярлауды жүргізеді, қызметкерлерге қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасайды, арнайы киімді, арнайы аяқ киімді беруді және жууды қамтамасыз етеді, профилактикалық өндеу

құралдарымен, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен, арнайы сүтпен жабдықтайды.

Персонал жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен толық қамтамасыз етілген. Жұмыс орындары электрден қорғау құралдарымен жарақтандырылған.

Өндірістік департаменттерде және Бас кеңседе зиянды, қауіпті және қолайсыз өндірістік факторлардың әсеріне жүйелі түрде ұшырайтын персоналға міндетті медициналық тексеріп-қарау жүргізілді.

«Жұмыс берушінің қызметкердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін атқаруы кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өмірі мен денсаулығына зиян келуі мүмкін 3146 адамнан тұратын барлық персонал сақтандырылды. Оның ішінде 2 996 адам – өндірістік персонал, 150 адам – Қоғамның әкімшілік-басқарушы персоналы. Сақтандыру сомасы 17 653 264 704,00 теңгені құрайды.



Жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері бойынша қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін департаменттердің 1 978 қызметкері сүт алады. Сүтпен қамтамасыз етуге жұмсалған шығындар – 102 121 880,58 теңгені құрады.



2025 жылы ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық куәландыру процесін автоматтандыру және жақсарту мақсатында Б. Оразбаев атындағы 1-ЖЭО, А. Жакутов атындағы 2-ЖЭО және Батыс жылу кешені (БЖК) өндірістік департаменттері үшін 38 610

000,00 теңге сомасына ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық тексеріп-қарауларды ұйымдастыруға және өткізуге арналған 3 медициналық аппараттық-бағдарламалық кешен сатып алынды.

Ескертпе: толығырақ ақпаратпен Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында: , Тұрақты даму – Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бөлімінде танысуға болады.

«ҚАУІПСІЗ ӨНДІРІС» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ

SKE.01.01.P «Кешенді қауіпсіздікті басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасы 2021 жылдан бастап іске асырылуда. Ол қызметкерлердің санасы мен менталитетін өзгертуге, өндірістегі қауіпсіздік қағидаларын сақтауға, басшылықты бұзушылықтар туралы уақтылы хабардар етуге және еңбекті қорғауды басқаруда тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдануға бағытталған. Жобаның негізгі мақсаттары қауіпсіздік мәдениетін арттыру, персоналды еңбекті қорғау сұрақтарына тарту, жарақаттануды төмендету және еңбекті қорғауды басқару жүйесі тиімділігін бағалауды жақсарту болып табылады.

2025 жылы «АлЭС» АҚ персоналды даярлау бөлімінде «Жарақаттануды төмендетудегі қауіпсіздік мәдениетінің негіздері мен рөлі» курсы бойынша қауіпсіздік мәдениетін арттыру жөнінде оқыту жүргізілді. Барлығы 2 405 қызметкер оқытудан өтті.

Сондай-ақ 2021 жылдан бастап өндірістік объектілердегі қауіпсіздік процестерін автоматтандыруға, жарақаттануды төмендетуге және инциденттерге ден қою жеделдігін арттыруға бағытталған SKE.01.02.P «Қауіпсіз өндіріс» бағдарламасы енгізілді.

Жыл ішінде қызметкерлер арасында «Қауіпсіз өндіріс» ақпараттық жүйесін пайдалану, оның ішінде BPMS жүйесіне оқиғалар мен ақаулар туралы жазбаларды енгізу, сондай-ақ оқытуды бақылау және қауіпсіздіктің көшбасшылық мінез-құлық аудиттерін (ҚКМА) жүргізу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «АлЭС» АҚ департаменттерінде 3 522 ҚКМА жүргізілді, олар өндірістік тапсырмаларды орындау кезінде қызметкерлердің іс-әрекеттерін бақылауға және кейіннен аудитормен әңгімелесуге негізделді. Аудиттердің нәтижелері бойынша толығымен орындалған 303 іс-шара әзірленді.

МЕРДІГЕР ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ

«АлЭС» АҚ-да Мердігер ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру туралы ережемен регламенттелген мердігер ұйымдардың қауіпсіздігін басқару жүйесі енгізілді. Жүйенің негізгі мақсаттары өндірістік жарақаттанудың алдын алу, апаттар мен инциденттердің туындау тәуекелдерін азайту, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және Компания объектілерінде жұмыстарды орындайтын барлық ұйымдардың еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы бірыңғай талаптарды сақтауы болып табылады.

Жұмыстарға жіберілгенге дейін мердігер ұйымдар бағалаудан өтеді және Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасында көзделген білікті персоналының, қауіпсіздік жөніндегі жауапты мамандарының, сондай-ақ қажетті куәліктерінің, аттестаттауларының, рұқсаттамаларының және өзге де рұқсат беру құжаттарының болуын растауға міндетті. Мердігер ұйымдардың қызметкерлері үшін оқудан өту, білімін тексеру, медициналық тексеруден өту және жұмыстардың тиісті түрлері бойынша талап етілетін сертификаттаулардың болуына қатысты біліктілік талаптары белгіленген.

Мердігер және қосалқы мердігер ұйымдардың барлық қызметкерлері жұмыстар басталғанға дейін қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша міндетті кіріспе нұсқамадан өтеді, оның барысында Компанияның өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарымен, ықтимал тәуекелдермен, өндірістік объектілердегі мінез-құлық қағидаларымен, төтенше жағдайлар

кезіндегі іс-қимыл тәртібімен және жеке қорғаныш құралдарын қолданумен танысады. Нұсқамадан өту белгіленген тәртіппен құжатталады.

Қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау мердігер ұйымдардың қызметіне тұрақты тексерулер, аудиттер және мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Орындалатын жұмыстардың сипатына қарай мердігерлер тәуекел деңгейлері бойынша жіктеледі, бұл бақылауды ұйымдастыруға тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдануға мүмкіндік береді. Тексерулердің нәтижелері бойынша түзету іс-шараларының орындалуына бақылау жүргізіледі және мердігер ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі саласындағы қызметі бағаланады.

МЕРДІГЕР ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

Мақсаттар:

- «АлЭС» АҚ нысандарында мердігер және қосалқы мердігер ұйымдардың қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;
- мердігерлік жұмыстарды орындау кезінде өндірістік жарақаттанушылықтың, апаттардың, инциденттердің және өзге де оқиғалардың алдын алу;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының және «АлЭС» АҚ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету;
- Компания мен мердігер ұйымдар қызметкерлері үшін қауіпсіздік мәдениетін дамыту және қауіпсіз мінез-құлықтың бірыңғай стандарттарын қалыптастыру.

Міндеттер:

- қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қажетті куәліктері, аттестаттаулары, рұқсатнамалары мен сертификаттары бар білікті персоналды ғана жұмыстарға жіберу;
- жұмыстарды орындау басталғанға дейін мердігер және қосалқы мердігер ұйымдардың қызметкерлері үшін қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі міндетті кіріспе нұсқама өткізу;
- мердігер ұйымдарды жұмыстарды орындауға бағалау және жіберу кезінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану;
- мердігерлердің өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтауына тексерулер, аудиттер және мониторинг жүргізу;
- тексерулер мен аудиттердің нәтижелері бойынша түзету іс-шараларының орындалуын бақылау;

ЖЕТКІЗУШІЛЕР МЕН МЕРДІГЕРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ, СОНДАЙ-АҚ ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫН САҚТАУЫ.

2025 жылы жеткізушілер мен мердігерлердің әлеуметтік және экологиялық нормаларды, сондай-ақ заңнама талаптарын сақтауын мониторингілеу жөніндегі іс-шаралар шеңберінде контрагенттерге сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты контрагенттердің қоршаған

ортаны қорғау, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы нормаларды сақтау деңгейін бағалау болып табылады.
Сауалнамалар Қоғамның корпоративтік сайтындағы «Сатып алу» бөлімінде орналастырылған. Сауалнама нәтижелері талданды және жеткізушілермен және мердігерлермен одан әрі өзара іс-қимыл жасау кезінде ескерілетін болады.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

«АлЭС» АҚ өндірістік және бизнес-процестердің тұрақты әрі сенімді жұмыс істеуінің негізгі элементтерінің бірі ретінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударады. Осы саладағы қызмет Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына, сондай-ақ «Самрук-Қазына» АҚ Ақпараттық қауіпсіздіктің корпоративтік стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз етуге, ақпараттық активтер мен технологиялық инфрақұрылымды ішкі және сыртқы қатерлерден қорғауға, сондай-ақ қызметкерлердің киберқауіпсіздік мәселелері жөніндегі хабардарлығын арттыруға бағытталған.

Есепті кезеңде ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін дамытуға және қызметкерлердің білім деңгейін арттыруға ерекше назар аударылды. «АлЭС» АҚ Басқарма төрағасының 2025 жылғы 10 шілдедегі №164-П бұйрығы негізінде 2025 жылғы 21 шілдеден 22 қыркүйекке дейінгі кезеңде Бас офис пен барлық өндірістік департаменттердің қызметкерлеріне ақпараттық қауіпсіздік талаптарын білуі мен түсінуіне жыл сайынғы тестілеу өткізілді. Тестілеу өткізу персоналдың хабардарлық деңгейін бағалауға, қызметкерлердің ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау жауапкершілігін арттыруға және Компанияның ақпараттық ресурстарымен қауіпсіз жұмыс істеу мәдениетін нығайтуға мүмкіндік берді.

«АлЭС» АҚ Компания қызметінің сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқаруға, ақпараттық жүйелерді қорғауға және қызметкерлердің сандық сауаттылығы деңгейін арттыруға ерекше назар аудара отырып, ақпараттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіруді жалғастыруда.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

«АлЭС» АҚ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Самұрық-Энерго» АҚ Тобының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2021 жылдан бастап «АлЭС» АҚ-да Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін Комплаенс-офицердің штаттық бірлігі енгізілді.

Комплаенс-офицердің қызметі тиімді комплаенс жүйесін қалыптастыруға және дамытуға, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға, комплаенс-тәуекелдерді анықтауға және бағалауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын бақылауға бағытталған.

Қоғамда тиімді комплаенс-бақылауды қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ тобының комплаенс функциясы бойынша корпоративтік стандарты, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Бастамашыл хабардар ету саясаты, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Корпоративтік жанжалдарды және мүдделер қақтығысын реттеу саясаты енгізілді және қолданылады. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша елеулі комплаенс-тәуекелдер анықталған жоқ.

«АлЭС» АҚ-да «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Комплаенс бойынша оқыту бағдарламасына сәйкес тұрақты негізде қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту және тестілеу, сондай-ақ Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен таныстыру жүргізіледі. 2025 жылы комплаенс желісі бойынша 2 352 қызметкер оқудан өтті. Осы іс-шараларды іске асыру комплаенс-мәдениет деңгейін арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыруға бағытталған.

2025 жылы 2 712 контрагент (есепті кезеңде шарттар жасалған контрагенттердің 100 %-ы) тиісті міндеттемелерді қамтитын шарттарға қол қою арқылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанын растады.

Қызметкерлердің ықтимал бұзушылықтар туралы құпия хабарлау тетіктері туралы хабардарлығын арттыру мақсатында Қоғамда бірыңғай Жедел желі жұмыс істейді. Қызметкерлер заңнаманың, Мінез-құлық кодексінің болжамды бұзылуы, сыбайлас жемқорлық фактілері, мүдделер қақтығысы, сондай-ақ құпия және инсайдерлік ақпараттың рұқсатсыз жария етілу жағдайлары туралы хабарлай алады. Жедел желінің байланыс деректері «АлЭС» АҚ корпоративтік веб-сайтында, сондай-ақ Қоғамның Бас кеңсесіндегі және өндірістік департаменттеріндегі ақпараттық стендтерде орналастырылған.

2025 жылы Жедел желі арқылы Комплаенс қызметіне 1 өтініш келіп түсті, ол белгіленген мерзімде қаралды, бұзушылық фактісі расталмады.

Комплаенс-офицер тоқсан сайынғы және жыл сайынғы негізде «АлЭС» АҚ Директорлар кеңесіне өз қызметінің нәтижелері және Қоғамдағы комплаенс жүйесінің жай-күйі туралы есептерді ұсынады.

Саяси қызмет және жарналар

Компания қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес мемлекетпен байланысты тұлғалармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Компания саяси қызметті жүзеге асыратын саяси партиялар мен коммерциялық емес ұйымдарды қаржыландырмайды және кез

келген басқа тәсілмен қолдамайды. Сондай-ақ осындай көмек көрсеткені үшін заңсыз пайда алудың тікелей немесе жанама мақсатымен демеушілік/қайырымдылық/лоббистік қызметті жүзеге асыруға жол бермейді.

- Компанияның осы саладағы қағидаттары:
- Саяси мақсаттағы жарналар үшін Компанияның шоттарын пайдалануға тыйым салынады;
- Саяси қызметті жүргізу үшін Компанияның ресурстарын (электрондық поштаны қоса алғанда) пайдалануға тыйым салынады;
- Саяси мақсаттағы жарналардың орнына қайырымдылық садақаларын жасауға тыйым салынады;
- Салалық ұйымдар арқылы немесе өзге де тәсілмен саяси партиялардың атына жарналарды жүзеге асыру үшін Компанияның ақшалай қаражатын немесе мүлкін пайдалануға жол беруге тыйым салынады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Компанияда тек саяси үгіт-насихат мақсатында өткізілетін іс-шаралар мен мерекелерге демеушілік жасау фактілері тіркелмеді, сондай-ақ саяси партияларға тікелей немесе жанама қысым көрсету фактілері болған жоқ.

ОМБУДСМЕН. ЖАНЖАЛДАРДЫ БАСҚАРУ

«АлЭС» АҚ-да іскерлік этика қағидаттарының, корпоративтік құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ еңбек және корпоративтік жанжалдардың алдын алуға және оларды реттеуге жәрдемдесетін Омбудсмен институты жұмыс істейді. Омбудсменнің қызметі ашық диалог мәдениетін нығайтуға, қызметкерлердің өтініштерінің әділ қаралуын қамтамасыз етуге және ұжымдағы қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуалды қолдауға бағытталған.

2025 жылы Омбудсменнің атына Қоғам қызметкерлерінен 15 ресми өтініш келіп түсті. Барлық өтініштер белгіленген тәртіппен қаралды, олардың әрқайсысы бойынша тиісті шаралар қабылданып, қажетті түсіндірмелер берілді.

Есепті кезеңде кемсітушілік жағдайлары тіркелген жоқ.

Әдепті корпоративтік мәдениетті қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 19 наурыздағы шешімімен (№20/24 хаттама) бекітілген «АлЭС» АҚ-ның Мінез-құлық кодексі болып табылады. Кодекс кәсіби мінез-құлықтың бірыңғай стандарттарын, адалдық, өзара құрмет, кемсітушілікке және мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидаттарын белгілейді. Қызметкерлердің хабардарлығын арттыру мақсатында Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерінде мемлекеттік және орыс тілдерінде Мінез-құлық кодексін зерделеу жөніндегі құрал таратылады.

Есепті кезеңде Омбудсмен жоғары басқарушы құрамды қоса алғанда, қызметкерлерді Мінез-құлық кодексінің негізгі ережелерін білуі мен түсінуіне тестілеуді ұйымдастырды. Тестілеу Қоғамның барлық өндірістік департаменттерінде және Бас кеңсесінде қазақ және орыс тілдерінде электрондық форматта өткізілді. Тестілеу нәтижелері тиісті хаттамалармен ресімделді және корпоративтік мәдениетті дамыту мен қызметкерлердің әдептілік құзыреттілігі деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты одан әрі жетілдіру үшін пайдаланылады.

Жыл бойы Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде Мінез-құлық кодексі талаптарының сақталуына мониторинг жүргізілді, өндірістік департаменттердің қызметкерлерімен көшпелі кездесулер өткізілді, кері байланыс арналарының жұмысы және өтініштерді тікелей Омбудсменге жолдау мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

Омбудсменнің қызметі, жүгіну тәртібі және қолданыстағы коммуникация арналары туралы ақпарат Қоғамның ресми сайтында орналастырылған және барлық қызметкерлерге қолжетімді.

Іскерлік әдеп қағидаттарын және жауапты бизнес жүргізуді ілгерілету мақсатында «АлЭС» АҚ әлеуетті өнім берушілер мен мердігерлерді Мінез-құлық кодексінің талаптары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді. Кодекстің өзекті редакциясы корпоративтік сайтта орналастырылған және барлық мүдделі тараптарға қолжетімді.

Бұдан басқа, шарттардың үлгілік нысандарына контрагенттердің «АлЭС» АҚ Мінез-құлық кодексінің талаптарын сақтау міндеттемесін көздейтін ережелер енгізілген. Шартқа қол қоя отырып, өнім берушілер мен мердігерлер Мінез-құлық кодексімен, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатымен және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарымен танысқандарын растайды. 2025 жылы тиісті шарттар жасалған 2 712 шартта қамтылды, бұл 2 712 контрагентті Мінез-құлық кодексінің талаптарымен хабардар етумен және таныстырумен қамтуды қамтамасыз етті.

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС МЕХАНИЗМІ

«АлЭС» АҚ-да қызметкерлер мен стейкхолдерлер үшін адал ниетпен хабарлама қалдыратын кез келген адамды жауап шараларынан және қудалаудан қорғауға кепілдік беретін келесі кері байланыс құралдары жұмыс істейді:

Жедел желі 24/7	https://www.ales.kz/home/hotline/ **Телефон: 8 800 080 47 47** **WhatsApp нөмірі:** **Интернет-портал:** **Электрондық пошта:**
Омбудсмен	**Электрондық пошта:** **Телефон: +7 (727) 227-70-38, +7-707 787 48 36**
Комплаенс-офицер	**Телефон:** **Электрондық пошта:**
Басқарма Төрағасының блогы	https://www.ales.kz/blog-rukovoditelya/

Өтініштер мен шағымдар статистикасы

Дереккөз	Саны		
	2023	2024	2025
Жедел желі (комплаенс-офицерлерге жеке жүгінулерді қоса алғанда)	1	4	
«АлЭС» АҚ кеңсесі, оның ішінде:			
Мемлекеттік органдардан			
Акционерден			
Өтініштер, оның ішінде кеңсе арқылы			
E-otinish		2	
Омбудсмендер және кәсіподақтар	11	11	8
Соттар және қадағалаушы органдар			
Басшыға жазбаша өтініштер (соның ішінде компаниялар бойынша басшының блогы)	10	11	22
Келісу комиссиялары			
БАРЛЫҒЫ	**22**	**28**	**30**

Өтініштердің нысанасы бойынша статистика

Өкілеттіктерді асыра пайдалану	
Заңнаманы бұзу	3
Сыбайлас жемқорлық	
Әдепсіз мінез-құлық, харассмент, тиісу	

Басқа қызметкерлерге	5
Еңбек жағдайлары мен қауіпсіздік техникасын бұзу	
Тәртіптік жазаның күшін жою, МКЗЖ-ны қайта есептеу	1
Сатып алу	1
Қайырымдылық	
Жалақы, сыйақы, төлемдер	
Басшының іс-әрекетіне	
Жалдау	1
Жымқыру	
Өзге	19

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Осы Жылдық есеп (бұдан әрі – Есеп) «Алматы электр станциялары» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам немесе «АлЭС» АҚ) 2025 жылғы қызметі туралы маңызды фактілерді көрсетеді. Есеп барлық мүдделі тараптарға Қоғамның 2025 жылғы 1 қаңтардан 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қызметінің нәтижелері мен жетістіктеріне шолуды ұсынады.

Осы Есеп шеңберінде Қоғамның экономикалық қызметі, оның орнықты дамуы және қаржы-операциялық нәтижелері туралы ақпарат келтірілген. Ақпарат пен сандық мәліметтер 2025 жылғы кезең үшін және салыстыру үшін үшжылдық динамикада ұсынылған.

Қоғамның Жылдық есебі 2012 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша 2013 жылы алғаш рет жарияланды. Қоғам есептерді жыл сайын дайындайды.

Жылдық есептерді дайындау Қоғамның ақпараттық ашықтығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Есеп Жалғыз акционермен және барлық мүдделі тараптармен коммуникация құралы болып табылады.

Жылдық есепті дайындау және қалыптастыру кезінде Қоғам Корпоративтік басқару кодексінің ұсынымдарына, сондай-ақ ақпаратты ашудың халықаралық стандарттарының жекелеген қағидаттарына негізделді.

Осы Есепте қамтылған ақпаратқа қатысты мәселелер бойынша Қоғамның Корпоративтік даму және тәуекелдер басқармасына мына мекенжай бойынша жүгіну қажет: 050002, Алматы қ., Достык д-лы, 7. Байланыс телефоны: +7 (727) 254-03-31; e-mail:

1-ҚОСЫМША. Пайдаланылатын қысқартулар
АҚ - Акционерлік қоғам
ЖЭК - Жаңартылатын энергия көздері
ДСҰ - Дүниежүзілік сауда ұйымы
МАЭС - Мемлекеттік аудандық электр станциясы
СЭС - Су электр станциясы
ЕТҰ - Еншілес және тәуелді ұйымдар
БЭЖ - Бірыңғай электр энергетикалық жүйе
КМЖ – «Самрук-Энерго» АҚ компаниялар тобының корпоративтік менеджмент жүйесі
Қапшағай СЭС – Ш.Чокин атындағы Қапшағай СЭС
ҚНК - Қызметтің негізгі көрсеткіштері – Компания қызметінің тиімділік деңгейін сипаттайтын, тұтастай алғанда Компанияның, сондай-ақ оның басшы қызметкерлерінің қызмет тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер (индикаторлар).
Қоғам, Компания – «Алматы электр станциялары» акционерлік қоғамы.
ИЕХС – Интеграцияланған есеп берудің халықаралық стандарты
Тәуекел – алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге әсер етуі мүмкін оқиғаларға немесе іс-әрекеттерге байланысты белгісіздіктің әсері.
ҚР – Қазақстан Республикасы.
Стратегия – «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 19 шілдедегі шешімімен бекітілген «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2024-2033 жылдарға арналған даму стратегиясы.
Қоғамның құрылымдық бөлімшелері – Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымында көрсетілген және қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға жауапты Қоғамның бөлімшелері (басқармалар, қызметтер).
ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖЭО – Жылу электр орталығы
Қор - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы EBITDA - Негізгі қызметтен түскен түсім
EBITDA/Margin - Компанияның пайыздарды, салықтарды және амортизацияны төлегенге дейінгі пайдалылығы
ISO - Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (International Organization for Standardization)
SWOT - Сыртқы және ішкі орта факторларының оң және теріс әсерін талдау
Өлшем бірліктері
Гкал – Гигакалория
кВ - Киловольт
кВт•сағ - Киловатт-сағат
км – Километр
м - Метр
м3 - Текше метр
МВт - Мегаватт
Млн. - Миллион
Мың - Мың